

# ЗАН

№4 | 2026



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-  
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

**КОНЦЕПТУАЛЬНО ВАЖНЫЙ  
ШАГ, ИЛИ КАК НОВАЯ  
СТАТЬЯ О СТАЛКИНГЕ  
МЕНЯЕТ ЗАЩИТУ  
ПРАВ ЖЕНЩИН**



Галина АЙДАРБЕКОВА, член Алматинской городской Палаты юридических консультантов «Эгида», руководитель Евразийского центра сотрудничества и партнерства аналитическо-правовой грамотности, международный медиатор, преподаватель права КЮА «София», магистр права

# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№4 | 2026

МЕНШІК ИЕСІ:  
«ЗАҢ» Медиа-корпорация»  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің  
төрағасы - директор  
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

**АХПАНОВ А.**,  
д.ю.н., профессор  
**АЙТХОЖИН К.К.**,  
д.ю.н., профессор  
**ӘБДІРАСҰЛОВ Е.**  
з.ғ.д. профессор  
**БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.**  
профессор (Қырғызстан)

**МАУЛЕНОВ К.**  
д.ю.н., профессор  
**СӘБІКЕНОВ С.**,  
з.ғ.д. профессор  
**ДОСАЛИЕВ Қ.**,  
з.ғ.д. профессор  
**ШУМИЛОВ В.**,  
д.ю.н., профессор,  
заведующий кафедрой  
Всероссийской Академии  
внешней торговли

**РЕДАКТОРЫ**  
Түймегүл ИБАШЕВА

# МАЗМҰНЫ

Концептуально важный шаг, или как новая статья о stalking меняет защиту прав женщин <b>Б. ТОХТАХУНОВ</b>	3
Жаза тағайындау кезіндегі мән-жайлар <b>Е. БАЙБОЛОВ</b>	10
Соттың белсенді рөлі судья мәртебесін көтереді <b>Р. ӘБДІҚАНИЕВ</b>	13
Профессор Сериккали Тыныбеков – мой друг и наставник <b>Ф. КАРАГУСОВ</b>	15
Еңбек заңнамасындағы соңғы өзгерістер <b>Ж. КАРАШЕВА</b>	18
Елден шығару институты: қауіпсіздік пен адам құқықтарының арақатынасы <b>М. УӘЛИХАНОВА</b>	19
Мақсат болса ғана мотивация болады <b>Ұ. ТІЛЕУҚЫЗЫ</b>	22
Механизмы исполнения нормативных постановлений Конституционного Суда <b>А. МАУТОВА</b>	23
Сот тәжірибесі мен құқықтық проблемалар <b>С. ЛЕСБЕК</b>	28
Өңдеу өнеркәсібі экономикалық өсімінің драйвері <b>Е. ЕРЖАНҰЛЫ</b>	31
Қашықтан жұмыс істеуде туындайтын еңбек дауларын шешу <b>О. ХАБИЕВ</b>	32
Жаңа инновациялық зауыт іске қосылды <b>А. МАУЛЕНБАЙ</b>	36
Право ребенка быть выслушанным: психологические аспекты <b>А. БАЙЖУМАНОВА</b>	37
Алқабилердің қатысуымен сот ісін дамыту мәселелері <b>Ж. САЙМАНОВА</b>	39
Лицензиялық шарттар бойынша сот істерін талдау <b>Т. АМАНГЕЛДИЕВ</b>	42
Сот жүйесінде психологиялық қолдау институтын қалыптастыру <b>А. МҰХАМЕТҚАЛИ</b>	44
Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізуді жетілдіру <b>Е. БАЗАРБАЕВ</b>	47
Исковая давность в гражданском судопроизводстве <b>М. ГАРИФУЛЛИНА</b>	49

# КОНЦЕПТУАЛЬНО ВАЖНЫЙ ШАГ, ИЛИ КАК НОВАЯ СТАТЬЯ О СТАЛКИНГЕ МЕНЯЕТ ЗАЩИТУ ПРАВ ЖЕНЩИН

По данным МВД, к марту 2026 года в стране возбуждено более 50 уголовных дел по ст. 115-1 УК РК («Сталкинг»). Казалось бы, норма заработала и теперь неугомонных преследователей будет ждать суровое наказание в виде заключения под стражу, однако отечественные правоведы не спешат радоваться и заявляют, что количественные показатели – это одно, гораздо важнее качество квалификации и глубина расследования таких дел, ведь главная проблема сегодня не в тексте закона, а в его правоприменительной практике.

*По словам нашей гостьи, до введения ст. 115-1 в Казахстане действительно существовал серьезный правовой пробел. Практика показывала, что систематическое преследование – будь то навязчивые звонки по сотовому телефону или средствами связи, слежка, угрозы, психологическое давление – не всегда подпадало под признаки уголовно наказуемого деяния. В большинстве случаев подобные действия квалифицировались либо как административные правонарушения, либо как угроза, предусмотренная иными статьями уголовного кодекса. Однако такая квалификация требовала наличия явной, конкретной угрозы причинения вреда жизни или здоровью, что существенно сужало возможности правовой защиты.*



*О том, как новая статья о сталкинге работает в разрезе уголовного законодательства Республики Казахстан, почему жертвами навязчивых преследователей становятся не только женщины, но и дети, как защититься от агрессоров и манипуляторов и почему данная проблема сегодня актуальна как никогда, в личном интервью журналу «ЗАЦ» рассказала член Алматинской городской Палаты юридических консультантов «Эгида», руководитель Евразийского центра сотрудничества и партнерства аналитическо-правовой грамотности, международный медиатор, преподаватель права КЮА «София», магистр права Тамара АЙДАРБЕКОВА.*

**– Галина Алексеевна, с 16 июля 2025 в Уголовный кодекс Казахстана введена ст. 115-1 «Сталкинг». Как вы оцениваете это нововведение с точки зрения защиты прав женщин? Насколько оно закрывает прежние правовые пробелы, когда преследование определяли только как «угрозу» или административное правонарушение?**

– Введение в Уголовный кодекс Республики Казахстан ст. 115-1 «Сталкинг» я оцениваю, как своевременный и концептуально важный шаг в развитии национальной системы защиты прав человека. Я об этом не раз уже говорила на многих конференциях как у нас, так и в странах СНГ.

До момента включения в законодательство Республики Казахстан ст. 115-1 существовал очевидный правовой пробел. Как убедительно демонстрировала практика, ситуации, связанные с систематическим домогательством будь то постоянные звонки на мобильный телефон или через иные каналы связи, скрытое наблюдение за человеком, высказываемые адресно угрозы, целенаправленное психологическое воздействие в большинстве своем не поддавались квалификации в качестве полноценного уголовного преступления. Как правило, такие действия попадали либо под категорию административных правонарушений, либо рассматривались в контексте угрозы по другим статьям Уголовного кодекса. Но подобная квалификация была возможна исключительно при условии наличия отчетливо выраженной, предметной угрозы причинения вреда здоровью или жизни потерпевшего. Подобное требование, в свою очередь, серьезно ограничивало возможности граждан для полноценной правовой защиты от такого рода посягательств.

Таким образом, жертва оказывалась в уязвимом положении: она была вынуждена дожидаться эскалации конфликта до уровня прямой угрозы или насилия. Это противоречит как принципам гуманизма права, так и международным стандартам должной осмотрительности государства, кото-

рые требуют предотвращения насилия на ранних стадиях. Новелла в виде статьи о сталкинге позволяет юридически зафиксировать сам факт систематического преследования как общественно опасного деяния, даже в отсутствие прямой угрозы. Это принципиально меняет подход: теперь в фокусе находится не только физическая безопасность, но и психоэмоциональное состояние потерпевшей стороны, ее право на частную жизнь, свободу передвижения и личную неприкосновенность.

В этом смысле ст. 115-1 выполняет не только уголовно-правовую, но и социальную функцию – она сигнализирует о недопустимости любых форм преследования и усиливает доверие женщин к институтам правосудия. Вместе с тем, говоря, как юрист и исследователь, я считаю необходимым отметить, что эффективность данной нормы будет зависеть не только от ее формального наличия в законе, но и от правоприменительной практики.

**– По данным МВД, к марту 2026 года по ст. 115-1 УК РК уже возбуждено более 50 уголовных дел. Насколько сегодня, по вашему опыту работы с жертвами, правоохранительные органы готовы квалифицировать и расследовать такие дела?**

– Если опираться как на официальную статистику, так и на мой практический опыт взаимодействия с потерпевшими женщинами с детьми и без детей, можно сказать научно, что система правоохранительных органов Республики Казахстан только находится на стадии адаптации к новой правовой реальности, связанной с введением ст. 115-1 Уголовного кодекса «Сталкинг». Сам факт возбуждения более 50 уголовных дел к марту 2026 года, безусловно, является показателем того, что норма начала «работать», однако количественные показатели здесь не должны вводить в заблуждение – гораздо важнее качество квалификации и глубина расследования таких дел и отношение к вопросу со стороны пострадавшей женщины или в целом самого человека.

Если говорить откровенно, на сегодняшний день мы наблюдаем неоднородную практику которая имеет тоже свои проблемы в целом от начала и до конца. В ряде случаев сотрудники полиции демонстрируют понимание сути stalking как системного преследования, умеют фиксировать доказательства – переписку, аудио- и видеоматериалы, цифровые следы, – и грамотно выстраивают квалификацию. Однако наряду с этим сохраняется и значительное число ситуаций, когда обращения граждан по фактам преследования по-прежнему воспринимаются как «бытовые конфликты» или «малозначительные споры». Это во многом обусловлено тем, что правовая культура восприятия нематериального вреда – такого как психологическое давление, чувство тревоги, утрата ощущения безопасности – еще не в полной мере укоренились в правоприменительной практике или имеют место факты недопонимания всей ответственности при возникновении таких моментов в целом.

С точки зрения моего опыта работы с жертвами, можно выделить еще одну важную проблему – недостаточный уровень доверия к правоохранительным органам. Многие женщины, сталкивающиеся с преследованием, по-прежнему не обращаются за защитой на ранних стадиях, полагая, что их заявления не будут восприняты всерьез. И, к сожалению, отдельные случаи формального подхода со стороны полиции лишь укрепляют такие опасения.

**– С какими основными трудностями сталкиваются женщины при подаче таких заявлений?**

– Прежде всего это психологический и физический барьер. Stalking – это особая форма воздействия, которая редко воспринимается самой жертвой сразу как преступление. На ранних этапах преследование часто маскируется под «внимание», «настойчивость», «попытки восстановить отношения». В условиях устоявшихся социальных стереотипов женщина нередко склонна недооценивать степень угрозы, сомневать-

ся в правомерности обращения в правоохранительные органы, а порой – даже испытывать чувство вины за происходящее.

Вторая, не менее значимая проблема – это сложность доказывания. Stalking, как правило, представляет собой совокупность повторяющихся действий, каждое из которых по отдельности может выглядеть незначительным: сообщения, звонки, наблюдение, появление вблизи места жительства или работы. Однако именно их систематичность и навязчивость формируют то состояние страха и тревоги, которое и составляет суть данного правонарушения.

Третья проблема связана с правоприменительной практикой. Несмотря на введение соответствующей нормы, в ряде случаев сотрудники правоохранительных органов продолжают воспринимать подобные обращения как бытовые или межличностные конфликты. Это проявляется в нежелании регистрировать заявления, в формальном подходе к их рассмотрению либо в попытках «примирить стороны». Подобная практика, безусловно, противоречит современным международным стандартам, согласно которым государство обязано проявлять должную осмотрительность в предотвращении насилия, а не реагировать исключительно на его последствия. Следует также отметить проблему вторичной виктимизации. Женщина, обратившаяся за защитой, нередко сталкивается с необходимостью многократно воспроизводить травмирующие обстоятельства – при подаче заявления, в ходе опросов, на стадии следствия.

Нельзя обойти вниманием и вопрос безопасности. Обращение в правоохранительные органы само по себе может спровоцировать усиление преследования со стороны агрессора. При отсутствии эффективных защитных механизмов – таких как ограничительные предписания, контроль за их исполнением приводят к тому, что женщина оказывается в ситуации повышенного риска.

**– Как новая норма о stalking влияет на защиту детей? Часто ли**



***дети становятся (возможно, косвенно) жертвами преследования, к примеру, бывшего партнера матери или отца, и какие механизмы их защиты имеются в действующем законодательстве?***

– Если рассматривать влияние новой нормы о stalking на защиту детей, то необходимо прямо сказать: речь идет не о второстепенном, а о принципиально важном аспекте. В правоприменительной практике дети крайне часто оказываются вовлеченными (пусть даже косвенно) в ситуации преследования, и именно поэтому введение ст. 115-1 Уголовного кодекса Республики Казахстан имеет значение не только для защиты женщин, но и для обеспечения безопасности несовершеннолетних.

С научной точки зрения ребенок в подобных ситуациях выступает как «вторичная жертва» насилия. Он может не быть непосредственным объектом преследования, однако находится в зоне постоянного психологического воздействия: наблюдает

страх матери, становится свидетелем угроз, конфликтов, давления. В моей практике такие случаи, к сожалению, не редкость. Более того, я бы сказала, что в делах, связанных со stalking после распада семьи, дети присутствуют почти всегда – либо как свидетели, либо как инструмент давления. Позволю себе привести несколько типичных ситуаций.

Первая – когда бывший партнер, не имея возможности напрямую воздействовать на женщину, начинает использовать ребенка как канал контроля. Это может выражаться в постоянных звонках под предлогом «общения с ребенком», в манипуляциях режимом встреч, в попытках через ребенка получать информацию о частной жизни матери. Формально такие действия могут выглядеть как реализация родительских прав, однако по сути они нередко становятся элементом преследования.

Вторая ситуация – более тревожная – когда ребенок фактически вовлекается в процесс stalking: его сопровождают, за

ним следят, через него передают угрозы или сообщения. В ряде случаев агрессор может появляться вблизи школы, кружков, мест досуга, тем самым создавая атмосферу постоянного страха не только для женщины, но и для самого ребенка.

Третья модель – психологическое давление через угрозы: «я заберу ребенка», «ты его больше не увидишь», «я сделаю так, что он будет жить со мной». Даже если такие угрозы не реализуются, их систематическое повторение оказывает крайне негативное воздействие на психику как матери, так и ребенка.

С точки зрения международного права подобные ситуации рассматриваются как нарушение сразу нескольких базовых принципов. В частности, ООН в рамках Конвенции о правах ребенка закрепляет принцип наилучших интересов ребенка как приоритетный. Это означает, что любые действия, создающие угрозу его безопасности и психологическому благополучию, подлежат немедленному пресечению.

**– Одно из ключевых условий применения ст. 115-1 - «существенный вред» (психологический стресс, ограничение свободы и т.д.). Насколько сложно доказать этот вред в суде, особенно когда речь идет не о физическом насилии, а о постоянных звонках, слежке и психологическом давлении? Какие меры защиты (охранные ордера, временное выселение агрессора, психологическая помощь) сейчас наиболее эффективны и какие, на ваш взгляд, все еще отсутствуют в Казахстане?**

– Вопрос доказывания «существенного вреда» в делах о stalking, предусмотренных ст. 115-1 Уголовного кодекса Республики Казахстан, действительно является одним из наиболее сложных и одновременно ключевых элементов всей конструкции этой нормы. Именно от того, как правоприменитель будет понимать и оценивать этот вред, зависит эффективность всего

института уголовно-правовой защиты от преследования.

С практической точки зрения основная сложность доказывания «существенного вреда» заключается в его нематериальной природе. Если при физическом насилии достаточно медицинского заключения, то в случаях stalking доказательная база формируется из совокупности косвенных, но системных признаков:

- количество и характер сообщений, звонков, контактов;
- фиксация посещений места жительства или работы;
- свидетельские показания;
- данные видеонаблюдения;
- цифровые следы в мессенджерах и социальных сетях;
- поведенческие изменения потерпевшей (тревожность, страх, необходимость менять образ жизни).

На сегодняшний день в Казахстане уже используются определенные инструменты. К ним относятся:

- защитные предписания, ограничивающие контакты и приближение к потерпевшей стороне;
- меры административного и уголовного воздействия;
- возможность временного отдельного проживания при семейных конфликтах;
- участие органов внутренних дел в контроле за соблюдением ограничений;
- обращение в суд с ходатайствами о мерах безопасности.

Теперь важно пояснить сам инструмент защиты, который в национальной практике часто обозначается как защитное предписание.

Защитное предписание – это процессуальный акт, выносимый уполномоченным органом внутренних дел, который устанавливает временные ограничения для лица, совершающего противоправные действия, направленные на защиту потерпевшего. В контексте дел о stalking и семейно-бытовом насилии оно играет роль первичной и оперативной меры безопасности.

С точки зрения правовой природы, за-

щитное предписание является не наказанием, а превентивной мерой. Его цель – не возмездие, а предотвращение дальнейшей эскалации конфликта и защита жизни, здоровья и психологической безопасности человека.

Подводя итог, можно сказать следующее: проблема доказывания «существенного вреда» и эффективность применения статьи о stalking напрямую связаны с качеством правоприменительной практики. Закон сам по себе создает правовую основу, но его реальная сила проявляется только тогда, когда сотрудники органов внутренних дел способны видеть за отдельными эпизодами целостную картину преследования и своевременно применять защитные механизмы.

***– Что бы вы посоветовали женщинам, которые сейчас сталкиваются с преследованием, но еще не обратились в полицию? Какие первые шаги наиболее важны с юридической точки зрения, чтобы зафиксировать доказательства и обеспечить безопасность?***

– Прежде всего следует отметить, что ситуация преследования (stalking) требует от женщины не только эмоциональной устойчивости, но и достаточно четкого понимания своих базовых прав и доступных правовых механизмов защиты. С точки зрения современного международного права, включая подходы Комитета по ликвидации дискриминации в отношении женщин, государство признает право женщины на жизнь без насилия, угроз и психологического давления как неотъемлемую часть права на достоинство и личную безопасность.

С юридической точки зрения первый и наиболее важный шаг – это фиксация фактов преследования. В современных правовых системах доказательства в таких категориях дел имеют преимущественно «поведенческий» и цифровой характер. Поэтому женщинам рекомендуется сохранять абсолютно все формы контактов со стороны преследователя:

- сообщения в мессенджерах и социальных сетях;
- SMS-сообщения и записи звонков;
- скриншоты переписок с указанием даты и времени;
- фиксацию попыток контакта через третьих лиц;
- любые аудио- или видеозаписи, если они получены законным способом;
- при возможности – данные о перемещениях или наблюдении (например, свидетельства соседей, записи камер наблюдения).

С точки зрения уголовного и административного процесса в Республике Казахстан такие материалы впоследствии могут быть использованы как доказательства системности поведения, что особенно важно в контексте статьи о stalking и нормах о семейно-бытовом насилии.

Второй важный шаг – это обеспечение личной безопасности. Международная практика исходит из принципа «минимизации контакта» с агрессором. Это означает:

- прекращение прямого общения с преследователем;
- блокировка его контактов в социальных сетях и телефоне;
- информирование близкого круга лиц о ситуации;
- изменение привычных маршрутов передвижения при наличии риска физического преследования.

Третий элемент – это обращение за превентивной защитой. В национальной правовой системе предусмотрены меры оперативного реагирования со стороны органов внутренних дел, включая вынесение защитного предписания. Оно может включать запрет на контакты, приближение и любые формы взаимодействия с потерпевшей стороной. В международной практике аналогичные меры известны как «protection orders» и широко применяются в рамках стандартов защиты от гендерного насилия.

Важно понимать, что обращение в полицию не является «крайней мерой», а рассматривается как инструмент раннего вмешательства. Современный подход, от-

раженный в международных документах, включая Стамбульскую конвенцию, подчеркивает необходимость незамедлительного реагирования на признаки системного преследования, даже если еще не произошло физического насилия.

Отдельно следует подчеркнуть значение документирования психологического состояния. В случаях длительного преследования целесообразно обращаться за консультацией к психологу или психотерапевту, поскольку заключения специалистов могут иметь доказательственное значение для установления факта психологического вреда, тревожных расстройств или стресса, вызванного действиями преследователя.

И наконец, крайне важным является принцип доверия к системе защиты. Несмотря на существующие проблемы правоприменения, именно своевременное обращение в органы внутренних дел позволяет запустить механизм государственной защиты, включая регистрацию обращения, проведение проверки, вынесение защитных мер и дальнейшее процессуальное сопровождение.

Таким образом, с правовой точки зрения алгоритм действий женщины в ситуации преследования должен быть последователь-

ным: фиксация доказательств – минимизация контактов – обращение за защитой – использование предусмотренных законом мер обеспечения безопасности.

И чем раньше запускается этот алгоритм, тем выше вероятность предотвращения эскалации ситуации и защиты не только прав, но и личной безопасности и психологического благополучия женщины.

Если рассматривать ситуацию stalking или систематического преследования с практической и юридической точки зрения, то крайне важно понимать: эффективность защиты напрямую зависит от первых действий потерпевшей. В подобных категориях дел именно первые часы и дни часто определяют дальнейшее развитие ситуации – будет ли она пресечена на ранней стадии или перейдет в фазу эскалации.

С позиции современного уголовного права Республики Казахстан и международных стандартов защиты прав человека (в том числе подходов Комитета по ликвидации дискриминации в отношении женщин и положений Стамбульской конвенции) можно выстроить четкий алгоритм действий «от А до Я».

**Беседовал  
Бахтияр ТОХТАХУНОВ**

# ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ МӘН-ЖАЙЛАР

*Қылмыстық процестің ең жауапты кезеңі жаза тағайындау сатысымен байланысты. «Қылмыстың өтеуі — жаза» дегенімен, оның маңызы әділдікті қалпына келтіру, кінәліні түзеу, қылмыстың алдын алу мен құқықтық тәртіпті нығайтуға жатыр. Осы ретте сот қылмыстың ауырлығы мен жеке басына байланысты жауапкершілікті жеңілдетіп-ауырлататын жағдайларды ескеріп, заңды әрі әділ шешім қабылдайды. Осыған орай, мақалаға Қылмыстық кодекстің 4-бөлімін арқау етеміз. Бұл тақырыпта жаза тағайындаудың заңдылығын түсіндіру, сонымен қатар, жұртшылықты қылмыстық әрекеттерден аулақ болуға шақыру мақсаты көзделеді. Жаза тағайындаудың жалпы негіздері аталған кодекстің 52-бабымен бекітілген.*



**Ержан БАЙБОЛОВ,**  
Еңбекшіқазақ аудандық  
№2 сотының төрағасы

52-бапта көрсетілгендей, жаза тағайындауда қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінәлі адамның жеке басы, оның ішінде құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқы ескеріледі. Бұларға қоса жауаптылық пен жазаны жеңілдетіп-ауырлататын мән-жайлар, сондай-ақ, тағайындалған жазаның сотталушының түзелуіне және отбасының немесе асырауындағы адамдардың тіршілік жағдайына ықпалы да есепке алынады.

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар қатарына алғаш рет қылмыстық теріс қылық немесе онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыс жасау, кінәлінің кәмелеттік жасқа толмауы, жүктілік, кінәлі адамның жас баласының, оның ішінде тәрбиелеуінде кішкентай ұл-қызының болуы жатады. Сондай-ақ, аталған санатқа қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды ерікті түрде өтеу, моральдық және өзге де зиянның орнын толтыру, шын ниетпен өкіну, айыбын мойындап келу, қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, оның басқа да сы-

байлас қатысушыларын әшкерелеуге, қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті іздестіруге белсенді түрде атсалысу, т.б. 53-бапта көрсетілген жағдайлар кіреді.

Айтып өтерлігі, бірінші бөлікте көзделмеген жайттар да жеңілдететін мән-жай ретінде ескеріледі. 54-бапқа сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы, қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы, қылмыстық құқық бұзушылық арқылы ауыр зардаптар келтіру, билік өкілінің нысанды киімін немесе құжаттарын пайдаланып қылмыстық құқық бұзушылық жасау, қылмыстық жауаптылық жасына толмағандарды қылмысқа тарту жайттары қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар деп танылады.

Сонымен бірге қылмыстық құқық бұзушылықты бірнеше адамның, алдын ала сөз байласу арқылы жасауы, қылмыстық топ құрамындағы қылмыста белсенділік таныту, ұлттық, нәсілдік және діни өшпенділік немесе араздық уәжі бойынша, басқа жанның құқыққа сыйымды әрекеті үшін кек алу, сондай-ақ, қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру, т.б. жаза мен жауаптылықты ауырлатады. 54-баптың 16-бөлігінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар қарастырылған.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендер Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігімен қылмыстық құқық бұзушылық ретінде көзделсе, ол жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайға саналмайды. Тағы бір айта кетерлігі, жаза тағайындауда осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілмеген мән-жайлар ауырлататын мән-жай болып танылмайды.

Белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау заңдылығы 55-бапта белгіленген. Мәселен, Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінің адам кінәлі деп танылған бабында немесе оның бір бөлігінде онша қатаң емес жазаның негізгі түрі көзделсе, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам қылмыспен

келтірілген мүліктік залалды өз еркімен өтесе, моральдық және өзге зиянды қалпына келтірсе бас бостандығынан айыру жазасына кесілмейді. Сондай-ақ, (Қылмыстық кодекстің 218, 218-1, 248, 249-баптарында көзделген жайттарды қоспағанда) экономикалық қылмыс жасаушы сот кезінде келтірілген мүліктік залалды өз еркімен өтесе бас бостандығынан айрылмайды.

Тағы бір айтып өтерлігі, ауырлататын мән-жайлар қылмыстық құқық бұзушылық ретінде көзделсе, 55-баптың 2-бөлігінің ережелері қолданылмайды. Айыптау үкімі бұйрықты іс жүргізу тәртібімен шығарылған істерде қылмыстық теріс қылықта айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі, онша ауыр емес қылмыста елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл тағайындалады.

Іс-әрекеттің мақсаты мен себебіне, кінәлі адамның рөліне, оның қылмыстық құқықбұзушылық жасау кезіндегі немесе одан кейінгі мінез-құлқына байланысты ерекше және қоғамға қауіптілік дәрежесін едәуір азайтатын басқа да мән-жайлар болса, сонымен қатар, топтық қылмыстық құқықбұзушылық жасағандардың іс-әрекеттерін ашуға белсене жәрдемдессе осы кодекстің ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең төменгі шектен төмен жаза тағайындалуы не сот жазаның осы бапта көзделгеннен неғұрлым жеңіл түрін тағайындауы не міндетті жаза ретінде көзделген қосымша жаза түрін қолданбауы мүмкін.

55-баптың 2 немесе 3-бөліктерінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде жаза осы кодекстің ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген төменгі шектен төмен тағайындалуы мүмкін. Жаза қылмыстық әрекетке дайындалғаны немесе оқталғаны үшін тағайындалғанда, аталған баптың екінші-үшінші бөліктерінің шектері 56-баптың ережелері ескеріліп айқындалады. 56-баптың ережелері адамды қасақана қазаға ұшыратумен байланысты, сондай-ақ, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстарға қолданылмайды. Бұл жерде мұндай қылмысты кәмелеттік жасқа жетпеген адам он төрттен он сегізге дейін-

гі кәмелетке толмаушыға қатысты жасаған жағдай қосылмайды.

Егер Қылмыстық кодекстің ерекше бөлігінің санкциясында өмір бойына бас бостандығынан айырудан басқа жаза көзделмесе, онда осы баптың төртінші бөлігінде көзделген жағдайда жиырма жыл мен жиырма бес жыл аралығында бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалуы мүмкін.

Дәл осындай жағдайларда он сегізге толмай қылмыс жасағандар он бес жыл, ал әйелдер, бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер он бес жылдан жиырма жылға дейін бас бостандығынан айыруға сотталуы мүмкін.

Енді 56-бапқа келсек, онда аяқталмаған қылмыс үшін жаза түрлері бекітілген. Аяқталмаған қылмыста оның себебі, яғни, ақырына дейін жетпеген мән-жайлар ескеріледі. Мұндай кезде қылмысқа дайындалғаны үшін жазаның мерзімі мен мөлшері ерекше бөліктің тиісті бабында аяқталған қылмыс үшін көзделген жазаның негізгі түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан асырылмайды. Сонымен қатар, қылмыс жасауға оқталғанға берілетін жаза ерекше бөлікпен белгіленген аяқталған қылмыста көзделген жазаның негізгі түрінің ең жоғары мерзімінің немесе мөлшерінің төрттен үшінен көп болмайды.

Қылмыс жасауға дайындалғандар мен

оқталғандарға өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалмайды. Ерекше бөлік бабының санкциясында өмір бойғы бас бостандықтан айырудан басқа жаза түрі көзделмесе жиырма бес жылға бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықты сыбайласып жасағандарға жаза тағайындау кезінде оны жасауға адамның іс жүзінде қатысу сипаты мен дәрежесі, оның қылмыстық құқықбұзушылық мақсатына жетудегі мәні мен келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянының сипаты мен мөлшеріне ықпалы ескеріледі. Сыбайлас қатысушылардың бірінің жеке басына қатысты жауаптылық пен жазаны жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар оған жаза тағайындау кезінде ғана ескеріледі.

Жаза қылмыстық заңмен белгіленген сот үкімімен тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Сондықтан, ол әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, алдағы уақытта болуы мүмкін қылмыстың жолын кесу мақсатын көздейді. Әйгілі философ Цицерон айтқандай, «Әділдіктің екі қайнар көзі бар: ешкімге зиян шектірмеу және қоғамға пайда келтіру». Бұл даналыққа сүйенсек, өзіңе де, өзгеге де зиян келтірмеудің жалғыз жолы қылмыстық әрекеттерден аулақ болу.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

# СОТТЫҢ БЕЛСЕНДІ РӨЛІ СУДЬЯ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРЕДІ

*Әкімшілік әділет институты жария-құқықтық даулардың тиімді шешілуіне жол ашты. Бүгінгі таңда ел халқы ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) аясында талаптарын қойып, мамандандырылған соттарға құқықтарын әділ қорғауға қолжеткізіп жатыр.*

ӘРПК әкімшілік органдардың әкімшілік рәсім жүргізу және әкімшілік сот ісін жүргізу тәртіптерін белгілейді. Осы кодекспен сот төрелігіндегі әлемдік стандарттар ескеріліп, әкімшілік сот ісін жүргізуді азаматтық сот ісінен бөлудің маңызды қадамы жасалды.

Жария-құқықтық қатынастарда жеке және заңды тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, сондай-ақ, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғап, қалпына келтіруде әділ әрі бейтарап шешім қабылдау әкімшілік сот ісін жүргізудің басты міндеті саналады. Осы міндетті жүзеге асыруда соттың белсенді рөлі қағидаты айрықша маңызға ие.

Әкімшілік соттарда жеке немесе заңды тұлғалар мен әкімшілік органдар арасындағы жария-құқықтық қатынастардан туындаған даулар қаралады. Ал әкімшілік органдардың биік құзыреті баршаға мәлім, олар мемлекеттік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ, өзге ұйымдар. Жария-құқықтық дауларда таразы басы тең болмайды, яғни, оның бір жағында қарапайым азамат немесе заңды тұлға, екінші жағында билік өкілі тұрады.

Бұл туралы Мемлекет басшысы өзінің халыққа арнаған жолдауында: «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде көп жағдайда



**Рамшит ӘБДІҚАНИЕВ,  
Алматы қаласының  
мамандандырылған  
ауданаралық әкімшілік сотының  
судьясы**

теңсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді» деген болатын. Әкімшілік әділет институты осындай теңсіздікті болдырмаудың ең тиімді тетігі. Соттың белсенді рөлі қағидаты ӘРПК-нің 16-бабымен бекітілді.

Осы бапқа сәйкес, әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Яғни, судья процестің барлық сатысында белсенділік танытып, талап қоюшы тарапқа процестік жәрдем көрсетуге құқылы. Судья істі сот талқылауына дайындау жұмыстарында, атап айтқанда, дау шешудегі қажетті барлық әрекетті, алдын ала тыңдау мен сот талқылауын жүргізуде соттың белсенді рөлі қағидатын басшылыққа алады.

Соттың белсенді рөлі қағидатының басты ерекшеліктерінің бірі судья әкімшілік істі дұрыс шешуде маңызды барлық мән-жайды жан-жақты әрі объективті түрде зерттейді. Сонымен қатар, әкімшілік істің нақты немесе заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелерде өзінің құқықтық пікірін алдын ала айтады. Егер процесс қатысушылары ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болса сот өз бастамасымен немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхатымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды.

Осы ретте әкімшілік процеске қатысушылар сотқа әкімшілік істің нақты мән-жайын зерттеуге және дәлелдемелерді жинауға жәрдем көрсетуге міндетті. Сондай-ақ, судья әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Мұрағаттарға, тіркеуші, басқа да органдарға талап қою нысанасына қатысты сұратулар, тапсырмалар береді, іс бойынша маманды, сарапшыны тартады, тағы басқа әрекеттер жасайды.

Соттың белсенді рөлі дауды шешумен қатар, оларды бейбіт жолмен реттеуінен де көрінеді. Мысалы, судья тараптарға тауласу мүмкіндігімен бірге келісімге келу-

дің құқықтық салдарын да түсіндіреді. Соттың белсенді рөлі істің мән-жайын толық анықтауға, дауды реттеу, шешу жолдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Соттың рөлі әкімшілік орган шешімінің заңдылығын ғана емес, оның орындылығы мен пропорционалдылығын тексеруімен де ерекшеленеді. Құқықтық теңдікті қамтамасыз етуде азаматтың мемлекеттік органмен тең дәрежеде соттасуына жағдай жасайды. Бұл принцип әкімшілік іс жүргізуде соттың процеске белсенді қатысушы екенін білдіреді. Бұған қоса азаматтар мен мемлекеттік аппарат арасындағы теңсіздік жойылып, сот ісінің әділдігі қамтамасыз етіледі.

Айта кетерлігі, өткен жылдың соңында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне әкімшілік әділет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соған орай ӘРПК-ға 26-1-тарауы қосылды. Бұл өзгеріс азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда белсенді рөл атқаратын әкімшілік сот төрелігімен үндеседі.

Тараптар сот сұраған құжаттар мен мәліметтерді уақытылы ұсынуға міндетті. Сот тараптарға талаптарды қалыптастыруда және түзетуде заңдық салдарын алдын ала түсіндіре отырып, көмек көрсетеді. Осы орайда, судьялар мол мүмкіндікке ие. Әкімшілік істерді қарауда судьяның ӘРПК-нің талабында көзделген құқықтары мен міндеттерін бұлжытпай орындап, белсенділік танытуы, сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуын кепілдік етеді.

Әкімшілік әділеттің басты мақсаты жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын жан-жақты мінсіз қорғау, әділ төрелік орнату болса, әкімшілік сот ісін жүргізу институты азаматтар мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарады. Азаматтар мемлекеттік органның шешімімен келіспеген жағдайда сотқа жүгіну арқылы өз құқықтарын заң аясында қорғай алады.

# ПРОФЕССОР СЕРИККАЛИ ТЫНЫБЕКОВ – МОЙ ДРУГ И НАСТАВНИК

*Для меня становится хорошей традицией публиковать статьи по поводу дня рождения профессора, доктора юридических наук Сериккали Тыныбекова. Вместе с тем, для меня это – радостная возможность поздравить своего друга, особенного человека в моей жизни, и публично выразить свое уважение к нему как достойной личности и известному юристу.*

В этом году 24 апреля исполняется 65 лет со дня рождения Сериккали Тыныбековича.

В своей небольшой статье я хочу акцентировать внимание на некоторых личностных характеристиках Сериккали, которые дополняют его портрет чертами, позволившими ему приобрести научный авторитет в казахстанской юриспруденции.

Я познакомился с ним в августе 1988 года, будучи зачисленным на первый курс юридического факультета КазГУ (ныне – КазНУ имени Аль-Фараби). Тогда мы отправлялись на сельскохозяйственные работы в Костанайскую область. Окончивший юрфак и оставшийся на нем в качестве преподавателя, С. Тыныбеков был единственным представителем факультета, который сопровождал нас и отвечал как за наше надлежащее поведение, так и за нормальные условия нашего проживания и трудовой деятельности во время сельхозработ.

Сразу скажу, он справился с этой задачей должным образом, при том, что наш отряд из более чем 60-ти студентов был не просто полиэтничным и равномерно поделенным на мужскую и женскую половину, но и включал в себя жителей разных регионов Казахстана.



В университете С. Тыныбеков вел у нас занятия, отвечал за наш курс в качестве курирующего заместителя декана факультета. И все это время я видел его неизменно прислушивавшимся к запросам со стороны студентов, пытавшимся понять суть возникших у них проблем.

Такое органичное понимание значимости и ценности студентов неизменно проявляется в ответственном поведении профессора Тыныбекова при подготовке и проведении университетских занятий. Своей задачей он неизменно считает давать слушателям актуальные, теоретически обоснованные и практически ориентированные знания. Он всегда готовится к занятиям, актуализирует материалы лекций и семинаров, расширяет свой собственный кругозор и охотно делится со студентами достоверными знаниями. В этом я лично убедился, когда в конце 1990-х – начале 2000-х годов рецензировал для опубликования целый ряд написанных С. Тыныбековым монографий, учебников и учебных пособий. Выработанные им еще в студенческие времена навыки приобретения и обобщения новых знаний и их преобразования в научный, учебный или практически ориентированный материал он применяет до сих пор, оставаясь профессором юридического факультета КазНУ.

В глубине и актуальности его профессиональных знаний и широте кругозора я убеждаюсь по сей день, уже более двух десятилетий общаясь с ним как близкий друг (как и в течение 11 лет будучи членом его коллектива во времена заведования им кафедрой гражданского права).

Когда-то он рассказывал мне, как проводил в библиотеке и архивах много времени для написания своей дипломной работы, а его руководитель долго не мог поверить, что Сериккали сам написал ее. Но ее содержание привлекло пристальное внимание профессора, а обсуждения, в ходе которых Сериккали заметно выходил за пределы объема написанной работы относительно рассматриваемых в ней аспектов, не оста-

вило сомнений в том, что она является результатом его собственного труда. Тыныбеков не просто получил оценку «отлично» за свою дипломную работу, ему также была предложена позиция преподавателя на кафедре. С того момента он трудится на юридическом факультете своего альма-матер, а история и функционирование адвокатуры, правовые и организационные основы осуществления адвокатской деятельности остаются областью его особого профессионального интереса, объектом постоянного изучения и предметом преподавания.

Вместе с тем, приобретенные им со студенческой скамьи навыки обучения, анализа, обобщения и оформление полученных знаний в учебный материал позволили ему не просто продолжить преподавательскую деятельность в университете, но и на протяжении 12 лет сохранять свой должностной статус после того, как в результате разного рода изменений он был вынужден уйти с руководящей должности, где он десятилетиями трудился, пройдя непростой путь от ассистента преподавателя до профессора и заведующего кафедрой. Однако его авторитет позволял ему быть избранным и неоднократно переизбираться заведующим кафедрой гражданского права, гражданского процесса, трудового права юрфака КазНУ.

Более того, за весь период руководства кафедрой С. Тыныбеков смог сформировать дружный коллектив преподавателей и методистов, создать комфортную рабочую атмосферу для своих сотрудников. За время его заведования данной кафедрой ее рейтинг существенно повысился среди всех кафедр университета, и после этого она вполне устойчиво занимала довольно высокое место по всем показателям в области преподавания, проводимых исследований, участия в общественной жизни и других. После ухода с должности заведующего кафедрой более двух лет назад, он до сих пор трудится в ее составе, оставаясь профессором, и ведет занятия.

Вместе с тем, на мой взгляд, успех дол-

голетней карьеры ученого и преподавателя Сериккали Тыныбекова обусловлен не только его способностями и накопленному профессиональному и жизненному опыту. Мне кажется, что существенную роль в этом сыграли его моральные качества и нравственные убеждения. Выше уже отмечено, насколько принципиальным для него является проявление искреннего уважения к людям и подлинного внимания к ним. Но не менее важным для него всегда является сохранение собственного человеческого и профессионального достоинства, неизменное исполнение собственных обязательств, следование своему моральному долгу.

В конечном итоге у меня сложился, я думаю, полный образ моего друга, во многих моментах ставшего примером для подражания. Я узнал, какой непростой жизненный путь был у него, сколько сложных периода он пережил, и как он преодолел трудные ситуации, на какие принципы он опирался в те моменты. Я знаю, что не всегда к нему относились справедливо, много раз его обижали. А Сериккали не обижался. Эти объяснения (простые повествования о ситуациях) укладывались частичками полной картины с образом Сериккали Тыныбекова, для которого жизненно важными были и оста-

ются память о своих предках и уважение к ним, национальная гордость, сыновний долг, обязанности супруга и отца, надлежащее исполнение любых своих обязательств, дружба и почтение к личности, поддержание уважительных отношений с людьми, сохранение собственного достоинства и верность своим моральным или нравственным убеждениям, но и неприятие подлости и низости.

Своим образом жизни и тем, как он взаимодействует с другими людьми, Сериккали Тыныбекович для меня остается наставником, примером того, как нужно жить в современных условиях, продолжая соответствовать своему профессиональному призванию и высокому статусу преподавателя права, дружескому и гражданскому долгу. Поздравляя своего друга с предстоящей очередной «круглой датой», желаю ему и его родным крепкого здоровья, счастья и благополучия, а также мира на нашей общей земле, процветания нашей любимой стране!

**Фархад КАРАГУСОВ,  
член Международной академии  
сравнительного права (IACL),  
доктор юридических наук,  
профессор**

*Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы — ел тарихындағы ең маңызды оқиғалардың бірі. Қазақстан 1991 жылғы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады. Осы күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңы қабылданды. 1999 жылы 10 желтоқсанда Қазақстандағы алғашқы толыққанды еңбек қатынастарын реттеген «ҚР Еңбек туралы» заңы, кейіннен, яғни, 2007 жылы 15 мамырда ҚР Еңбек кодексі қабылданды. Алайда, уақыт өте келе кодекс қазіргі еңбек нарығына толық сәйкес келмей қалды.*

## ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ СОҢҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Нәтижесінде 2015 жылы жаңа Еңбек кодексі қабылданып, 2016 жылғы 1 қаңтарда күшіне енді. Себебі, ескі кодексте қызметкер құқығын қорғауға басымдық беріліп, еңбек шарты қатаң түрде реттелген болатын. Ал жаңа кодексте қызметкер мен жұмыс беруші балансы теңдей қарастырылды.

2026 жылға қарай Еңбек кодексі бірқатар маңызды өзгерістермен толықтырылды. Бұл өзгерістер негізінен жұмысшылардың құқықтарын қорғау, еңбек нарығын жаңғырту және жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, өзгерістер еңбек қатынастарын заманауи талаптарға сәйкестендіріп, қызметкерлерді қорғау құқықтарын күшейтеді.

Ең басты жаңалықтардың бірі – платформалық жұмыспен қамтудың енгізілуі болды. Яғни, курьерлер, такси жүргізушілері және фрилансерлер сияқты цифрлық платформалар арқылы жұмыс істейтін азаматтардың еңбегі заң жүзінде реттеле бастады. Бұл еңбек нарығындағы жаңа құбылыстарды мойындаудың айқын көрінісі болды.

Жоғарыда айтқанымыздай қызметкерлердің құқықтарын қорғау тетіктері күшейтілді. Жұмыс орнында адамның қадір-қасиетін қорғау, еңбек жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әділ еңбек шарттарын сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Жұмыс берушілердің жауапкершілігі де артты. Еңбек шарттарына қатысты да өзгері-

стер енгізілді. Мысалы, белгілі бір мерзімге жасалған келісімшарттар қызметкер уақытша еңбекке жарамсыз болған жағдайда автоматты түрде ұзартылатын болды. Сонымен қатар, еңбек қатынастарын азаматтық-құқықтық шарттар арқылы жасыруға шектеулер қойылды.

Әлеуметтік кепілдіктер саласында да жаңалықтар бар. Баланы күту бойынша демалыста отырған әкелердің еңбек өтілін есептеу, оқу демалысын беру тәртібін кеңейту, жұмыс орнындағы ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау нормалары күшейтілді, сол сияқты нормалар енгізілді. Мұны отбасы институтын қолдауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі ретінде бағалауға болады.

Бұдан бөлек, еңбек қауіпсіздігі талаптары күшейтіліп, еңбек инспекциясының құзыреті кеңейтілді. Бұл өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға және қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, жаңа өзгерістер Халықаралық еңбек ұйымы стандарттарына жақындауға, еңбек нарығын икемді етуге және барлық тараптардың мүдделерін теңестіруге бағытталған.

**Ж.КАРАШЕВА,**  
**Азаматтық құқық, азаматтық**  
**іс жүргізу және еңбек құқығы**  
**кафедрасының PhD докторы,**  
**доцент**

# ЕЛДЕН ШЫҒАРУ ИНСТИТУТЫ: ҚАУІПСІЗДІК ПЕН АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ

*Қазіргі кезеңге көші-қон үгерістері мемлекеттердің ішкі тұрақтылығына, еңбек нарығына, ұлттық қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін. Қазақстан географиялық орналасуына, экономикалық әлеуетіне және аймақтық жүйелендіруге байланысты шетел азаматтары үшін өткізуші әрі қабылдаушы мемлекет болып табылады. Осыған орай, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың (бұдан әрі – шетелдіктер) құқықтық мәртебесін айқындау және олардың ел аумағында болу тәртібін заңмен реттеу ерекше маңызға ие.*

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды елден шығару негіздері әртүрлі болуы мүмкін. Оларды шартты түрде бірнеше топқа бөлуге болады. Ең жиі кездесетіндердің бірі – Қазақстан аумағында болу ережелерін бұзу. Атап айтқанда, тіркеу мерзімін өткізіп алу, визалық режим талаптарын сақтамау, еңбек қызметін заңсыз жүзеге асыру, уақытша болу мерзімін асырып жіберу. Мұндай жағдайларда сот әкімшілік жаза ретінде айыппұл салумен қатар, елден шығару туралы шешім қабылдауы мүмкін. Кейде бұл шешім белгілі бір мерзімге Қазақстанға кіруге тыйым салумен қатар жүреді. Егер шетел азаматының әрекеттері экстремизмге, терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа немесе өзге де қоғамдық қауіпті әрекеттерге байланысты болса, мемлекет оның аумақта болуын шектеуге құқылы. Бұл жағдайда шығару шарасы қауіптің алдын алу мақсатында қолданылады.

Шетел азаматы сот үкімімен қылмыстық жазаға тартылып, жазасын өтегеннен кейін елден шығарылуы мүмкін. Мұндай шешім көбіне сот үкімінің қарар бөлігінде көрсетіледі. Азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты елден шығару күрделі сипат алады, өйткені, оларды қабылдайтын мемлекетті анықтау мәселесі туындайды. Бұл ретте халықаралық құқық нормалары мен екіжақты келісімдер ескеріледі.



**Мерuert УӘЛИХАНОВА,  
ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
магистранты**

Елден шығару – сот тәртібімен қаралады. Бұл әкімшілік сот өндірісі мен азаматтық сот өндірісі шеңберінде жүзеге асырылады. Істі қарау барысында сот құқықбұзушылық фактісін, адамның кінәсін, отбасылық және әлеуметтік жағдайын, құқық бұзушылықтың сипаты мен ауырлығын, т.б. зерттейді. Азамат адвокат көмегін, аудармашы қызметін алуға, дәлелдемелер ұсынуға, сот актісіне шағымдануға құқылы. Сот актісін орындау ішкі істер органдарына жүктеледі.

ҚР Азаматтық процестік кодекстің (бұдан әрі АПК) 49-тарауы шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды елден шығару институтын соттық рәсім шеңберінде қарастыра отырып, мемлекеттік мәжбүрлеу шарасына құқықтық заңды мәртебе береді. Бұл нормалар мемлекеттің көші-қон саясатын жүзеге асыру құқығы мен тұлғаның негізгі құқықтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Біріншіден, аталған тарау елден шығару мәселесін әкімшілік органның біржақты шешімінен алып, сот бақылауына бағындырады. Бұл – құқықтық мемлекет қағидатының көрінісі. Соттың араласуы азаматтың немесе шетелдіктің құқықтарын негізсіз шектеудің алдын алады. Екіншіден, дәлелдемелерге қойылатын талаптар мен тұлғаның міндетті қатысуы – әділ сот талқылауының негізгі кепілдіктері. Шетелдік өз пікірін білдіруге, дәлел ұсынуға және құқықтық көмек алуға құқылы. Бұл нормалар халықаралық құқықтағы әділ сот талаптарымен үйлеседі. Үшіншіден, шешімнің дереу заңды күшіне енуі мен оны шағымдану мүмкіндігінің қатар көзделуі – жеделдік пен құқықтық қауіпсіздік арасындағы тепе-теңдікті сақтайды. Бір жағынан, мемлекет құқықтық тәртіпті тез қалпына келтіреді; екінші жағынан, тұлғаға апелляциялық қорғану құқығы беріледі.

Төртіншіден, бұл тарауда сот нақты мән-жайларды зерттемейінше, елден шығару туралы шешім қабылдай алмайды. Демек, әрбір іс жеке бағаланады. Мысалы, Ресей Федерациясының азаматы Ч. Қазақстан Республикасының аумағында туғаннан бері тұрып келеді, алайда, оның Қазақстанда

тұруға рұқсат беретін құжаттары болмаған. Іс материалдары бойынша ол Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет бұзған. Сонымен қатар 2018 жылы ол ҚР Қылмыстық кодексінің 191-бабы 2-бөлігі 1-тармағы бойынша қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылып, 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасына сотталған.

Кейін пробацациялық бақылау талаптарын жүйелі түрде бұзғаны үшін соттың қаулысымен бұл жаза бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылған. Осы мән-жайларға байланысты Қарағанды облысы Полиция департаменті сотқа оны Қазақстан аумағынан шығару туралы өтінішпен жүгінген. Сот отырысында Ч. өзін елден шығармауды сұрап, Қазақстанда отбасы тұратынын және рұқсат алуға құжат жинап жүргенін айтқан. Алайда, сот оның Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет бұзғанын, тұрақты тіркеуі мен тұруға рұқсаты жоқ екенін ескере отырып, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында ел аумағынан шығару туралы шешім қабылдаған.

Жалпы алғанда, АПК-нің 49-тарауы елден шығару институтын тек репрессивтік шара ретінде емес, құқықтық рәсімдермен шектелген, сот бақылауымен қамтамасыз етілген құқықтық механизм ретінде сипаттайды. Бұл нормалардың тиімді қолданылуы Қазақстан Республикасының көші-қон саласындағы мемлекеттік мүдделері мен адам құқықтарын қорғау арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстан адам құқықтары саласындағы бірқатар халықаралық шарттарға қосылған. Сондықтан, елден шығару рәсінде халықаралық нормалар сақталуға тиіс. Маңызды қағидаттардың бірі – қудалау қаупі бар мемлекетке қайтармау. Егер адам өз еліне қайтарылған жағдайда өміріне, бостандығына немесе қауіпсіздігіне нақты қатер бар екенін дәлелдесе, бұл мән-жай міндетті түрде ескеріледі. Сонымен қатар, отбасы бірлігін сақтау мәселесі де маңызды. Егер азаматтың жұбайы немесе балалары Қазақстан азаматтары болса, сот теңдік қағидатын

басшылыққа ала отырып шешім қабылдауы қажет.

Құқық қолдану тәжірибесі елден шығару институтын жүзеге асыру барысында бірқатар нақты қиындықтардың туындайтынын көрсетеді. Атап айтқанда, тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттарының болмауы немесе азаматтығын анықтау мүмкін еместігі, қабылдаушы мемлекеттің оны қабылдаудан бас тартуы, сот шешімдерін орындаудың ұзаққа созылуы атқарушылық кезеңнің тиімділігін төмендетеді. Сонымен қатар, кей жағдайларда құқық бұзушылықты формалды бағалау барысында тұлғаның отбасы жағдайы, әлеуметтік байланыстары мен гуманитарлық мән-жайлары жеткілікті деңгейде ескерілмеуі мүмкін. Мұндай тәсіл теңдік қағидатына қайшы келу қаупін туындатады, сондықтан соттар әрбір істі жеке бағалап, мемлекеттік мүдде мен адамның негізгі құқықтары арасындағы теңгерімді сақтауы тиіс.

Қазақстаннан тыс жерге шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды елден шығару институты – мемлекеттің көші-қон саясатын жүзеге асырудың және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды құқықтық тетігі болып табылады. Бұл институт мемлекеттің аумақтық егемендігін, ұлттық қауіпсіздігін және қоғамдық тұрақтылығын қорғауға бағытталғанымен, оны қолдану адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау талаптарымен тығыз байланыста жүзеге асырылуға тиіс.

Азаматтық процестік кодекстің 49-таравы (382-386-баптар) елден шығару рәсімін соттық бақылауға бағындыру арқылы аталған институтқа құқықтық баға береді. Арызды уәкілетті органның сотқа беруі, дәлелдемелерді ұсыну міндеті, істің қысқа мерзімде және тұлғаның міндетті қатысуымен қаралуы, сондай-ақ шағымдану

мүмкіндігінің көзделуі – мұның барлығы әділ сот талқылауы қағидатының нақты көрінісі. Осылайша, елден шығару мәселесі атқарушы биліктің біржақты шешімі ретінде емес, соттың бағалауынан өтетін процессуалдық рәсім ретінде қарастырылады. Сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесі бұл институтты іске асыру барысында белгілі бір практикалық және әлеуметтік мәселелердің туындайтынын көрсетеді. Жеке адамның құқықтық жағдайын нақтылау, оны қабылдайтын мемлекетті анықтау, сот шешімдерін уақытылы әрі тиімді орындау және қолданылатын шараның құқық бұзушылыққа сай болуын қамтамасыз ету – осы саладағы басты мәселелер болып қала береді. Әсіресе, құқық бұзушылықтың тек рәсімдік сипаты мен оның шын мәніндегі қоғамдық қауіптілік деңгейінің өзара байланысы соттар тарапынан мұқият әрі жанжақты бағалануы тиіс. Осыған байланысты заңнаманы жетілдіру сот практикасының бірізділігін қалыптастырумен, процессуалдық кепілдіктерді нақтылаумен, халықаралық құқық талаптарын ұлттық құқыққа тиімді жүзеге асырумен және көші-қон саласындағы құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейтумен ұштасуы тиіс.

Құқықтық мемлекет жағдайында шетелдіктерді елден шығару институтының нәтижелілігі тек мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуімен шектелмейді. Оның шынайы бағасы биліктің заңдылықты сақтауына, әділ шешім қабылдауына және адам құқықтарын құрметтеуіне байланысты айқындалады. Қауіпсіздік талаптары мен жеке тұлғаның негізгі құқықтары арасында үйлесімді тепе-теңдік сақталған кезде ғана бұл институт құқықтық тәртіптің тұрақтылығын нығайтатын әрі халықаралық талаптарға сай келетін тиімді құқықтық құрал ретінде қызмет ете алады.

*Қаржылық сауаттылық адамның өз ақшасын дұрыс басқару, жоспарлау және тиімді пайдалану қабілеті. Яғни, табыс табу ғана емес, оны қалай жұмсау, жинау және көбейту керектігін түсіну. Қарапайым тілмен айтқанда, қаржылық сауатты адам қанша ақша табатынын және жұмсайтынын біледі, қарызға батпауға тырысады, болашаққа ақша жинайды, сонымен қатар, ақшаны көбейту жолдарын да (инвестиция, депозит т.б.) қарастырады*

# МАҚСАТ БОЛСА ҒАНА МОТИВАЦИЯ БОЛАДЫ

Қазіргі экономикалық жағдайда қаржылық сауаттылық әрбір адам үшін аса маңызды дағдыға айналды. Табыстың деңгейі қандай болса да, оны дұрыс басқару қабілеті болмаса, қаржылық қиындықтарға тап болу оңай. Сондықтан, қаржылық білім – тек қаржыгер не экономистерге емес, барша азаматтарға қажет өмірлік құрал.

Қаржыңды игере білудің басты элементтері біріншіден, бюджет жасау кіріс пен шығысты жоспарлау, жинақ (қор жинау) – күтпеген жағдайларға ақша сақтау, алған несиесін дұрыс пайдалану. Екіншіден, инвестициялау – ақшаны өсіру жолдарын білу, үшіншіден – қор жинар алдында қаржылық мақсат қоя білуі керек, мысалы, үй алу, бизнес бастау, не баланың болашағына жинау.

Бизнесмен С. Давлатовтың бір тренингіне қатысқанымда ұққанын оның айтуынша, адам ең алдымен отбасындағы кіріс пен шығысын жоспарлай білуі керек. Кіріс пен шығысты жоспарлауда ең бірінші бір ай бойы барлық шығындарды жазу керек. Мысалы, тамақ, жол, ойын-сауық, т.б. сонда қажетсіз шығындар бірден байқалады. Екінші, бюджет жасау, мысалы, жарты жылда 500 000 тг жинау немесе екі жылда көлік алу, я болмаса бес жылда үйге алғашқы жарнаны жинау. Мақсат болса ғана мотивация болады. Бұл үшеуінен бөлек соңында тағы бір конверт болуы керек, оны қызыл лен-

тамен байлап әр келген жоспарлы-жоспарсыз қаржыдан он пайызын сала беру керек дейді.

Ал сарапшы Расул Рысмамбетовтің пікірінше, «қаржылық мәдениеттің маңызы ақша табуды ғана емес, оны сақтаудың да жолдарын үйренуде. Өйтпейінше, табысың артса да, қаржылық жағдайың өзгермейді. Қаржылық сауаттылықтың негізгі қағидаларына жеке бюджет жүргізу, қарызды басқару, жинақ жасау, инвестициялау, қаржылық мақсат қою жатады. Алайда, бұл құралдарды тиімді пайдалану үшін қаржылық білім қажет. Ол үшін, әрине, жоғары оқу орнында банк, қаржы экономика мамандығында оқу міндетті емес, тек белгілі бизнес-тренингтерде мамандардың пікірлерін тыңдап, ақыл-кеңесіне құлақ асып та біліміңді жетілдіруге болады

Қаржыгер Алтыншаш Азмагамбетова айтқандай, «көп жағдайда адамдар «қаржылық сауаттылық» дегенді әр тиынды үнемдеу, өзіне ештеңе алмау немесе тек ақша жинаумен байланыстырып жатады. Кейбіреулер, тіпті, қаржылай сауатты болуды тек кредит алмау, барлық шығынды барынша қысқарту деп пайымдайды. Бірақ, шын мәнінде қаржылық сауаттылықтың мәні бұдан әлдеқайда кең екенін түсінуіміз керек».

**Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,**  
**журналист**

# МЕХАНИЗМЫ ИСПОЛНЕНИЯ НОРМАТИВНЫХ ПОСТАНОВЛЕНИЙ КОНСТИТУЦИОННОГО СУДА

*Обеспечение верховенства Конституции является фундаментальным принципом правового государства и ключевым условием функционирования современной правовой системы. В этой связи особое значение приобретает деятельность органа конституционного контроля, направленная на обеспечение ответственности нормативных правовых актов Основному закону государства и защиту конституционных прав и свобод человека и гражданина [1].*

Конституционный Суд Республики Казахстан обеспечивает верховенство Конституции на всей территории государства, а его решения обладают общеобязательной юридической силой. Особое место среди итоговых решений Конституционного Суда занимают нормативные постановления, посредством которых формируются правовые позиции, раскрывающие конституционный смысл правовых норм либо устраняющие положения законодательства, противоречащие Конституции [2].



**Альбина МАУТОВА,  
магистрант академии  
правоохранительных органов  
при Генеральной прокуратуре  
Республики Казахстан**

Конституционная реформа 2022 года стала важным этапом развития системы конституционного правосудия в Республике Казахстан.

В Послании народу Казахстана от 16 марта 2022 года «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации» Президент Республики Казахстан предложил учредить Конституционный Суд и наделить Генерального Прокурора и Уполномоченного по правам человека правом обращения в орган конституционного контроля. Данные инициативы укрепили систему сдержек и противовесов и повышение эффективности защиты конституционных прав граждан [3].

С 1 января 2023 года начал функционировать Конституционный Суд Республики Казахстан, обеспечивающий верховенство Конституции на всей территории государства. Однако принятие решений органом конституционного контроля является лишь первым этапом в процессе восстановления конституционной законности. Подлинная эффективность конституционного правосудия определяется тем, насколько его решения находят отражение в правоприменительной практике и способствуют восстановлению нарушенных прав. И без соответствующих механизмов реализации правовые позиции органа конституционного контроля могут оставаться декларативными.

Как отмечает И.И. Рогов, решения органов конституционного контроля выполняют свою функцию лишь тогда, когда они становятся реальным ориентиром для правоприменения и формируют устойчивую практику соблюдения конституционных норм [4, с. 17].

Аналогичной позиции придерживается В.Д. Зорькин, подчеркивая, что «конституционное правосудие является эффективным только в том случае, когда его решения обладают реальным регулятивным потенциалом и трансформируются в практику государственной деятельности» [5].

Конституционная реформа 2022 года значительно усилила институциональную роль прокуратуры в системе конституционного контроля. Предоставление Генеральному Прокурору Республики Казахстан права обращения в Конституционный Суд позволило прокуратуре участвовать не только в стадии исполнения решений, но и в стадии инициирования конституционного контроля [6].

Два итоговых решения 2024 года по обращениям Генерального Прокурора демонстрируют практическую значимость этого полномочия: одно по гарантиям собственности и неприкосновенности жилища, другое – по участию прокуратуры в санкционировании процессуальных решений на досудебной стадии.

Наряду с правом обращения, важнейшим направлением работы прокуратуры является надзор за исполнением итоговых решений Конституционного Суда в правоприменении. В целях адаптации к новой модели в Генеральной прокуратуре создано специализированное профильное подразделение, обеспечивающее подготовку заключений, обобщение коллизий и участие в разработке законопроектов. Внесены поправки в приказы Генерального Прокурора (приказы ГП № 33 и 34 от 17 января 2023 года), в том числе в Регламент работы Генеральной прокуратуры (приказ ГП № 94 от 19 июля 2024 года), направленные на систематизацию данной работы.

Системность надзора подтверждается подготовкой 75 заключений по конституционным производствам и участием в разработке и согласовании поправок, направленных на исполнение в нормотворческой деятельности значительного массива решений Конституционного Суда. В целом прокуратурой обеспечено участие в законодательной реализации 35 нормативных постановлений Конституционного Суда.

Так, нормативное постановление Конституционного Суда № 41 от 19 апреля 2024 года [7], принятое по результатам рассмотрения обращения Генерального Прокурора, реализовано в рамках Закона Республики Казахстан от 3 января 2026 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам исполнения решений Конституционного Суда Республики Казахстан и возврата активов» [8].

До принятия поправок органами прокуратуры были приняты практические меры по реализации правовых позиций Конституционного Суда путем направления 3 мая 2024

года нижестоящим прокурорам указания о прекращении практики санкционирования актов судебных исполнителей об обращении взыскания на жилище.

По состоянию на конец 2025 года на исполнении у органов прокуратуры находилось 36 нормативных постановлений Конституционного Суда. Из них 19 постановлений были приняты в 2023 году, 8 – в 2024 году и 9 – в 2025 году. По результатам рассмотрения дел Конституционным Судом в 18 случаях отдельные нормы нормативных правовых актов были признаны не соответствующими Конституции, а в 17 случаях нормы были признаны соответствующими Конституции в истолковании, данном Конституционным Судом.

Статистические данные свидетельствуют о значительной роли прокурорского надзора в обеспечении реализации решений Конституционного Суда.

Практика показывает, что решения Конституционного Суда нередко требуют активного надзорного сопровождения со стороны органов прокуратуры. Одним из показательных примеров является исполнение нормативного постановления Конституционного Суда РК от 28 апреля 2023 года №12 «О рассмотрении на соответствие Конституции Республики Казахстан части второй статьи 811, части первой статьи 852 и подпункта 2) части третьей статьи 855 Кодекса РК об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года» [10].

В ходе прокурорской проверки в г. Астане выявлены факты незаконного привлечения граждан к административной ответственности за неуплату парковки. Установлено, что к ответственности привлекались лица, имеющие право на бесплатное размещение транспортных средств, однако информация о наличии льгот не учитывалась при автоматической фиксации нарушений.

В целях реализации правовых позиций Конституционного Суда, отраженными в вышеуказанном итоговом решении, прокуратурой внесен протест, 1166 административных производств были прекращены, а права 731 гражданина были восстановлены.

Аналогичные нарушения законодательства и правовых позиций Конституционного Суда были установлены прокуратурой Алматинской области, по которым приняты меры прокурорского надзора и обеспечена защита конституционных прав граждан.

Еще одним примером реализации решений Конституционного Суда стала практика исполнения нормативного постановления от 18 мая 2023 года №14 «О рассмотрении на соответствие Конституции Республики Казахстан статьи 197 Уголовного кодекса Республики Казахстан от 3 июля 2014 года», связанного с декриминализацией отдельных составов преступлений [11].

Надо отметить, что в рамках реализации указанного итогового решения органа конституционного контроля, законом от 16 июля 2025 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам оптимизации уголовного законодательства Республики Казахстан», статья 197 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) перенесена в главу 8 (преступления в сфере экономической деятельности), как статья 233-1 с установлением криминального порога для квалификации деяния.

В целях обеспечения полноты исполнения данного итогового решения, Генеральной прокуратурой в адрес прокуроров было направлено поручение с операционным алгоритмом действий о проверке постановлений органов уголовного преследования и судебных актов на предмет соответствия порога значительного размера (п.2) ст.3 УК – значительный размер в ст.233-1 – стоимость нефти или нефтепродуктов, в двести раз превышающая месячный расчетный показатель).

В результате анализа уголовных дел прокурорами (Акмолинская, Актюбинская области, область Ұлытау) были внесены ходатайства о прекращении досудебных расследований по делам, которые перестали содержать признаки уголовного правонарушения после изменения законодательства.

Особое значение имеет практика исполнения решений Конституционного Суда в сфере военной службы.

Так, в рамках реализации нормативного постановления Конституционного Суда Республики Казахстан от 31 августа 2023 года №27 «О рассмотрении на соответствие Конституции Республики Казахстан подп. 11) пункта 2 статьи 38 Закона Республики Казахстан от 16 февраля 2012 года «О воинской службе и статусе военнослужащих» и подпункта 9) пункта 2 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 6 января 2011 года «О правоохранительной службе» органами военной прокуратуры была проведена проверка соблюдения законодательства о прохождении воинской службы [12].

По результатам проверки в адрес Министерства обороны были внесены соответствующие представления и разъяснения о недопустимости отказа в повторном поступлении на воинскую службу по основаниям, признанным не соответствующими Конституции.

В результате проведенной работы 65 граждан, ранее уволенных со службы, получили возможность повторного поступления на воинскую службу. Из них 13 были восстановлены на офицерские должности, а 52 – на должности рядового и сержантского состава.

Особую сложность представляют случаи, когда Конституционный Суд признает норму соответствующей Конституции в определенном истолковании. В таких ситуациях норма продолжает действовать, однако ее применение должно осуществляться в соответствии с правовой позицией Конституционного Суда.

**АННОТАЦИЯ.** В статье рассматриваются правовые и организационные механизмы исполнения нормативных постановлений Конституционного Суда Республики Казахстан в надзорной деятельности органов прокуратуры.

Анализируется правовая природа нормативных постановлений Конституционного Суда, их значение в системе источников права и влияние на формирование правоприменительной практики. Особое внимание уделяется роли прокуратуры как института, обеспечивающего фактическую реализацию правовых позиций органа конституционного контроля. На основе обобщения статистических данных и практики за 2023–2025 годы выявляются основные проблемы исполнения решений Конституционного Суда и предлагаются направления совершенствования соответствующих механизмов.

**Ключевые слова:** Конституционный Суд, нормативное постановление, конституционная законность, прокурорский надзор, исполнение решений.

Проблема заключается в том, что действующее процессуальное законодательство не всегда предусматривает прямые механизмы пересмотра судебных решений в связи с изменением конституционно-правового смысла нормы. Данная проблема находит свое разрешение в рамках проекта Закона по вопросам исполнения нормативных постановлений Конституционного Суда, находящегося на рассмотрении в Мажилисе Парламента Республики Казахстан, в обсуждении которого активно участвует прокуратура.

Отрадно отметить, что новой Конституцией Республики Казахстан, принятой на республиканском референдуме 15 марта 2026 года, закреплено, что законы и иные нормативные правовые акты, их отдельные положения, признанные соответствующими Конституции в истолковании Конституционного Суда, подлежат применению в данном истолковании.

Принятые меры свидетельствуют о последовательном законодательном разрешении проблемных вопросов, возникших в течение трехлетнего периода в рамках исполнения итоговых решений Конституционного Суда.

В практической плоскости в подобных ситуациях особую роль вновь играет прокуратура, которая обладает полномочиями по реагированию на выявленные нарушения и может инициировать пересмотр незаконных решений.

Таким образом, эффективное взаимодействие Конституционного Суда и органов прокуратуры формирует важный институциональный механизм обеспечения конституционной законности и защиты прав человека в Республике Казахстан.

**АҢДАТПА.** Мақалада Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының нормативтік қаулыларын прокуратура органдарының қадағалау қызметі шеңберінде орындаудың құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктері қарастырылады. Конституциялық Соттың нормативтік қаулыларының құқықтық табиғаты, олардың құқық көздері жүйесіндегі орны және құқық қолдану тәжірибесінің қалыптасуына ықпалы талданады. Конституциялық бақылау органының құқықтық ұстанымдарының іс жүзінде жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін институт ретінде прокуратураның рөліне ерекше назар аударылады. 2023-2025 жылдардағы статистикалық деректер мен құқық қолдану тәжірибесін жинақтау негізінде Конституциялық Сот шешімдерін орындау барысында туындайтын негізгі проблемалар айқындалып, тиісті тетіктерді жетілдіру бағыттары ұсынылады.

**Түйінді сөздер:** Конституциялық Сот, нормативтік қаулы, конституциялық заңдылық, прокурорлық қадағалау, шешімдерді орындау.

**ANNOTATION.** The article discusses the legal and organizational mechanisms for the execution of regulatory rulings of the Constitutional Court of the Republic of Kazakhstan in the supervisory activities of the prosecutor's office.

The article analyzes the legal nature of the normative decisions of the Constitutional Court, their importance in the system of sources of law and their influence on the formation of law enforcement practice. Special attention is paid to the role of the Prosecutor's Office as an institution ensuring the actual implementation of the legal positions of the constitutional control body. Based on the generalization of statistical data and practice for 2023-2025, the main problems of the execution of decisions of the Constitutional Court are identified and directions for improving the relevant mechanisms are proposed.

**Keywords:** Constitutional Court, normative resolution, constitutional legality, prosecutorial oversight, enforcement of decisions.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ:

1. Конституция РК принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года. [Электронный ресурс] - Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000> (дата обращения: 15.03.2026).
2. Конституционный закон РК 5 ноября 2022 года «О Конституционном Суде Республики Казахстан». [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://prg.kz/document/?doc\\_id=39441762](https://prg.kz/document/?doc_id=39441762) (дата обращения: 15.03.2026).
3. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 16 марта 2022 года «Новый Казахстан: путь обновления и модернизации». [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K22002022\\_1](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K22002022_1) (дата обращения: 15.03.2026).
4. Рогов И. И., Малиновский В. А. Конституционный контроль в Казахстане: доктрина и практика утверждения конституционализма: монография. - Алматы: Раритет, 2015. - 382 с.
5. Зорькин В. Д. Конституционно-правовое развитие России. [Электронный ресурс] - Режим доступа: <https://znanium.ru/catalog/product/2114273> (дата обращения: 15.03.2026).
6. Конституционный закон РК от 5 ноября 2022 года «О прокуратуре». [Электронный ресурс] - Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000155> (дата обращения: 15.03.2026).
7. Нормативное постановление Конституционного Суда РК от 19 апреля 2024 года № 41 «Об официальном толковании пункта 1 статьи 25 и пункта 3 статьи 26 Конституции РК». [Электронный ресурс] - Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/S2400000041> (дата обращения: 15.03.2026).
8. Закон РК от 3 января 2026 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам исполнения решений Конституционного Суда РК и возврата государству незаконно приобретенных активов». [Электронный ресурс] - Режим доступа: (дата обращения: 15.03.2026).
9. Послание Конституционного Суда РК от 18 июня 2024 года № 2 «О состоянии конституционной законности в РК». [https://prg.kz/document/?doc\\_id=36460372](https://prg.kz/document/?doc_id=36460372) (дата обращения: 15.03.2026).
10. Нормативное постановление Конституционного Суда РК от 28 апреля 2023 года №12 «О рассмотрении на соответствие Конституции Республики Казахстан части второй статьи 811, части первой статьи 852 и подпункта 2) части третьей статьи 855 Кодекса РК об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года» (дата обращения: 15.03.2026). [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://prg.kz/Document/?doc\\_id=33568177](https://prg.kz/Document/?doc_id=33568177) (дата обращения: 15.03.2026).
11. Нормативное постановление Конституционного Суда РК от 18 мая 2023 года №14 «О рассмотрении на соответствие Конституции РК статьи 197 Уголовного кодекса РК от 3 июля 2014 года». [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://prg.kz/Document/?doc\\_id=34647513](https://prg.kz/Document/?doc_id=34647513) (дата обращения: 15.03.2026).
12. Нормативное постановление Конституционного Суда РК от 31 августа 2023 года №27 «О рассмотрении на соответствие Конституции РК подпункта 11) пункта 2 статьи 38 Закона РК от 16 февраля 2012 года «О воинской службе и статусе военнослужащих» и подпункта 9) пункта 2 статьи 6 Закона РК от 6 января 2011 года «О правоохранительной службе». [Электронный ресурс] - Режим доступа: [https://prg.kz/Document/?doc\\_id=34647512](https://prg.kz/Document/?doc_id=34647512) (дата обращения: 15.03.2026).

# СОТ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ПРОБЛЕМАЛАР

*Жер қойнауын пайдалану экономиканың стратегиялық салаларының бірі. Мұнай-газ, көмір және тау-кен өндірісі бюджет кірістерінің, экспорттық түсімдердің және өңірлік жұмыспен қамтудың маңызды көзін құрайды. Сонымен бірге, бұл қызмет қоршаған ортаға елеулі жүктеме түсіреді. Мысалы, жердің бұзылуы, қалдықтардың жиналуы, атмосфералық ауаға эмиссиялар, су ресурстарының ластануы және авариялық төгінгілер экологиялық қауіпсіздік мәселесін өткір қояды.*



Осы жағдайда экологиялық құқықтың міндеті экономикалық қызметті шектеу емес, оны табиғи ортаның қорғаныш мүмкіндіктерімен құқықтық тұрғыдан үйлестіру болып табылады. Сондықтан, жер қойнауын пайдаланушылардың жауапкершілігі айыппұл салумен ғана шектелмейді. Ол экологиялық тәуекелдерді алдын ала басқаруды, келтірілген зиянды өтеуді, бүлінген аумақтарды қалпына келтіруді және жаңа

бұзушылықтардың алдын алуды қамтиды. Осыған байланысты экологиялық-құқықтық жауапкершілікті экологиялық құқық пәнінің өзекті институты ретінде қарастыру ғылыми және практикалық тұрғыдан маңызды.

Республикамыздың 2021 жылғы Экологиялық кодексі экологиялық реттеудің жаңа моделін енгізді. Кодекс қоршаған ортаға әсерді бағалау, эмиссияларды реттеу, өндірістік экологиялық бақылау, қалдықтармен жұмыс

істеу және экологиялық зиянды өтеу тетіктерін жүйелі түрде байланыстырады.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілік – қоршаған ортаға келтірілген зиянға немесе экологиялық талаптарды бұзуға байланысты қолданылатын құқықтық шаралардың кешені. Оның өзге құқықтық жауапкершілік түрлерінен ерекшелігі қорғау объектісінің сипатында. Мұнда әңгіме тек жеке мүліктік мүдде туралы емес, халықтың денсаулығына, табиғи ресурстардың сапасына, экожүйелердің тұрақтылығына және болашақ ұрпақтың мүддесіне қатысты қоғамдық игілік туралы болып отыр.

Экологиялық құқық теориясында бұл институттың бірнеше функциясы айқындалды. Біріншісі – қорғаушылық функция, яғни, қоршаған орта мен экологиялық құқықтық тәртіпті бұзған тұлғаға ықпал ету. Екіншісі – қалпына келтіруші функция, ол келтірілген зиянды өтеуді және табиғи ортаны қауіпсіз күйге келтіруді көздейді. Үшіншісі – алдын алу функциясы, жауапкершілік нормалары құқық бұзушылықтың қайталануын болдырмауға тиіс. Төртіншісі – реттеуші функция, себебі, экологиялық жауапкершілік табиғи ресурстарды пайдаланудың қауіпсіз стандарттарын сақтауға мәжбүрлейді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың жауапкершілігі осы жалпы модель ішінде ерекше орын алады. Біріншіден, бұл қызмет жоғары тәуекелге ие. Екіншіден, оның салдары кең ауқымды әрі ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Үшіншіден, технологиялық күрделілік пен қаржылық ірілік құқықбұзушылық салдарын да күрделендіреді. Сондықтан, мұндай субъектілерге қатысты жауапкершілік тетіктері дәл, болжамды және қалпына келтіру нәтижесіне бағдарланған болуы қажет. Ортақ әдістеменің болуы соттардың, уәкілетті органдардың және сарапшылардың жұмысын біріздендіреді.

Қазақстанда жер қойнауын пайдаланушылардың экологиялық жауапкершілігі бірнеше құқықтық актінің жүйелі байланысы арқылы қалыптасады. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекс экологиялық талаптарды бұзғаны үшін айыппұл, қызметті тоқтата тұру және өзге де мәжбүрлеу

шараларын қамтиды. Қылмыстық заңнама экологиялық қауіптің жоғары деңгейімен сипатталатын әрекеттерге қолданылады. Осылайша, жауапкершілік режимі бір ғана заңмен емес, жария-құқықтық және жеке-құқықтық тетіктердің жиынтығымен іске асады.

Кешенділік тәжірибеде қиындық туғызады. Әкімшілік өндірісте құқықбұзушылық фактісі анықталғанымен, азаматтық-құқықтық тәртіпте зиянды өндіріп алу үшін қосымша дәлелдеу талап етіледі. Кейде уәкілетті органның актілері ластанудың фактісін растайды, бірақ, зиянның нақты мөлшерін немесе қалпына келтіру көлемін ашып бермейді. Мұндай жағдайда сот алдында екі міндет қатар тұрады: құқық бұзушылықты құқықтық тұрғыдан дұрыс саралау және экологиялық салдарды объективті бағалау.

Нормативтік базаның тағы бір маңызды қыры – қалпына келтіру міндеттемелерінің құқықтық сипаты. Жер қойнауын пайдаланушының қызметі тек эмиссиялармен шектелмейді. Ол өндіріс аяқталғаннан кейін бүлінген жерді рекультивациялау, қалдық объектілерін қауіпсіз күйге келтіру және жою жұмыстарына да жауапты.

Зиян мөлшерін есептеу әдістемесі де бірыңғай емес. Бір жағдайларда нормативтік әдіс қолданылады, басқа істерде нақты қалпына келтіру шығындары негізге алынады. Кейде осы екі тәсілдің нәтижелері едәуір айырмашылық береді. Экологиялық құқықтың қорғаушылық табиғатын ескерсек, қалпына келтіру мүмкіндігі бар жерде ақшалай өтемақйдан бұрын табиғи ортаны қалпына келтіру басымдығы сақталуға тиіс.

Қазақстандағы сот практикасы экологиялық даулар бойынша бірнеше тұрақты түйткілді көрсетеді. Бірінші мәселе – ұқсас жағдайларда құқықтық бағалаудың әркелкілігі. Бір сот құқық бұзушылықты әкімшілік айыппұл шеңберінде шектесе, екінші сот ұқсас фактілер бойынша қосымша азаматтық талапты да қанағаттандыруы мүмкін. Мұндай айырмашылық соттардың экологиялық зиян ұғымын және жауапкершілік нысандарының арақатынасын бірдей түсінбейтінін аңғартады.

Екінші мәселе – әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің байланысы. Әкімшілік орган құқық бұзушылық фактісін анықтағанымен, бұл әрдайым зиянның мөлшерін және оны өтеу нысанын толық шешпейді. Сондықтан, кейін жаңа талап қою қажет болады. Бұл уақытты созады, процессуалдық шығындарды көбейтеді және қоршаған ортаны қалпына келтіру шараларын кейінге қалдырады.

Үшінші мәселе – қалпына келтіру міндеттемелерінің орындалуын бақылау. Ақшалай соманы өндіріп алу салыстырмалы түрде оңай, ал нақты рекультивация, ластанған топырақты тазарту, қалдық сақтау объектілерін қауіпсіздендіру немесе жойылған өсімдік жамылғысын қалпына келтіру әлдеқайда күрделі. Сот актісінде мұндай міндет жүктелсе де, оның орындалуын бағалау критерийлері әрдайым айқын болмайды.

Төртінші мәселе – мамандандудың жеткіліксіздігі. Экологиялық құқық техникалық және жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысты. Судьялар мониторинг деректерін, зертханалық талдау нәтижелерін, гидрогеологиялық қорытындыларды және технологиялық процестердің сипаттамасын бағалауға мәжбүр. Мұндай істерді сапалы қарау үшін тұрақты оқыту, әдістемелік қолдау және қажет болған жағдайда мамандандырылған сот құрамдары қажет.

Экологиялық істерде сараптамалық қорытынды көбіне негізгі дәлелдемеге айналады. Соттың өзі арнайы ғылыми білімсіз қоршаған ортаға келтірілген әсердің көлемін немесе сипатын анықтай алмайды. Алайда сараптамалар сапасы біркелкі емес. Әртүрлі әдіс қолдану, бастапқы деректердің толық болмауы немесе сынама алу рәсімдерінің бұзылуы қорытындылардың қайшылығына әкелуі мүмкін.

Сараптама тиімді болуы үшін қорытынды-

да тек нәтиже ғана емес, қолданылған әдіс, зерттеу объектілері, бастапқы материалдар, есептеу логикасы және белгісіздік шегі көрсетілуі тиіс. Бұл сотқа оның сенімділігін бағалауға, ал тараптарға қорытындыны сынауға мүмкіндік береді. Егер сараптамалық негіз ашық болмаса, қорытындының дәлелдемелік күші әлсірейді.

Мониторинг деректері де ерекше рөл атқарады. Өндірістік экологиялық бақылау құқық бұзушылықтарды ерте анықтауға көмектесуі керек, бірақ практикада өлшеу жиілігі, бақылау нүктелерін таңдау, деректердің сақталуы және олардың тәуелсіз тексерілуі мәселелері туындайды. Сондықтан, мониторингті тек есеп беру құралы ретінде емес, болашақ сот дауларындағы дәлелдемелік негіз ретінде қарау қажет.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бұл институттың негізгі тіректерін қалыптастырды. Алайда, сот практикасы зиян ұғымын нақтылау, себеп-салдарлық байланысты дәлелдеу, сараптамалардың қайшылығын бағалау, әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің арақатынасын айқындау және қалпына келтіру міндеттемелерін орындау сияқты мәселелердің әлі де өзекті екенін көрсетеді. Сондықтан, экологиялық құқықты одан әрі дамыту тек жаңа нормалар қабылдаумен емес, сот практикасын жүйелеумен, әдістемелік базаны күшейтумен және мамандандуды арттырумен байланысты болуы тиіс.

Осындай кешенді тәсіл ғана жер қойнауын пайдалану саласындағы экономикалық мүдделер мен қоршаған ортаны қорғау міндеттері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ете алады.

**С.ЛЕСБЕК,**  
**ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы**  
**Сот төрелігі академиясының**  
**магистранты**

# ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМІНІҢ ДРАЙВЕРІ

*Қазақстанның әлемдік экономикадағы рөлі мен қызметі соңғы 5 жылда айтарлықтай жақсарды. Бұған дейін ол негізінен өндіруші сектор мен транзитке баса ген қойған экономика ретінде қабылданып келген болатын.*

Мемлекет басшысы 2020 жылғы жолдауында өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалануды Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндетке балап: «Өңделген тауарлардың үштен екісіне жуығы шетелден әкелінеді. Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жаңа салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтиды. Сапалық тұрғыдан мүлде жаңа ұлттық индустрияны дамыту үшін жаңғыртылған заңнамалық негіз қажет», – деп өңдеу өнеркәсібінің өндірісін бес жыл ішінде кем дегенде 1,5 есе арттыруды тапсырды.

Заңнамадағы өзгерістер нәтижесінде бірқатар халықаралық корпорациялар елімізге тек өткізу нарығы ретінде қарағанды қойып, біртіндеп өз өндірістерін осында орналастыра бастады. Бұған трансұлттық компаниялардың геосаяси әдісі мен логистикалық тәуекелдерге байланысты жеткізу тізбегін қайта құру аясында өндіріс географиясын қарқынды түрде әртараптандыруы да өз ықпалын тигізді. «Сабақты ине сәтімен» дегендей мемлекеттің экономикалық саясатының нәтижесінде қайта өңдеу саласы шикізат экспортына тәуелділікті біртіндеп төмендеті отырып, экономикалық өсудің тірегіне айнала бастады.

Вице-премьер – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің тапсырмасы бойынша Экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі штабтың бірінші отырысында Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі өңдеу өнеркәсібін дамытудың жол

картасын әзірледі. Онда өңдеу өнеркәсібінің 40 %-ын құрайтын металлургияға ерекше назар аударылды. Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі драйверлерінің бірі – металлургиядағы өсім 3 % деп жоспарланған. Бұған Kuzyl Aray Copper, Ekibastuz FerroAlloys, Kazferro Limited, Shagala Mining және тағы да басқа кәсіпорындардың жобалық қуатына шығуы өз әсерін тигізбек. Қара металлургияда ферроқорытпалар, болат, шойын және жалпақ жайма темір өндірісі артады деп күтілуде, ал түсті металлургияда алтын, мыс, алюминий және мырыш өндірісі күшеймек. Ал химия өнеркәсібінде 7 %, құрылыс материалын өндіруде 6 % деңгейінде болса, машина жасауда 13,4 % болжануда. Машина жасаудағы өсім жеңіл автомобиль, жүк және арнайы техника, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасы, ашық вагон, теміржол платформасы мен тұрмыстық техника шығаруды ұлғайту арқылы жүзеге асырылмақ.

Былтыр жалпы ішкі өнімдегі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 12,7 % құрады. Ол металлургия, машина жасау, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары, резеңке және пластмассадан жасалған бұйымдар өндірісі, сондай-ақ, жеңіл өнеркәсіптің дамуы есебінен қамтамасыз етілді. Ал өңдеу өнеркәсібінің өндірісі 6,4 % ұлғайды. Өндірістік көрсеткіштер дайын металл бұйымдарын өндіруде 13,6%, жеңіл өнеркәсіпте – 13,2%, машина жасауда – 12,9%, химия өнеркәсібінде – 9,8%, құрылыс материалдары өндірісінде – 9,7%, резеңке және пластмасса бұйымдарын шығаруда – 7,6%, металлургияда – 1,2% болды.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
журналист

# ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ ТУЫНДАЙТЫН ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ШЕШУ

*Еңбек даулары жұмыс беруші мен қызметкер, ұжым арасындағы еңбек шарттарын орындау, өзгерту немесе тоқтату мәселелеріне байланысты келіспеушіліктерден туындайды. Еңбек даулары жеке және ұжымдық болып екіге бөлінеді. Жеке еңбек дауы қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы нақты бір адамның мүддесіне байланысты туындайды. Мысалы, қызметкердің еңбекақысы кешіктірілсе немесе оны заңсыз жұмыстан босатса, ол өз құқығын қорғау үшін бітімгерлік комиссияға немесе сотқа жүгіне алады. Мұндай жағдайда әділ шешім табу қызметкердің өзіне де, жұмыс берушіге де пайдалы, себебі, бұл өзара сенім мен құрметті қалыптастырады. Ал ұжымдық еңбек дауы – жұмысшылар тобының мүддесін қорғауға бағытталған.*

Қазақстанда еңбек дауларын шешудің бірнеше құқықтық тетігі қарастырылған, олардың барлығының мақсаты – жұмысшылардың құқықтарын қорғау және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету. Мемлекет еңбек дауларын реттеу жүйесін жетілдіру арқылы жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға, еңбек заңнамасының сақталуын бақылауға және еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік серіктестікті дамытуға ерекше мән береді. Осы бағытта бітімгерлік комиссиялар, еңбек инспекциялары және сот органдары еңбек дауларын шешудің негізгі құқықтық тетіктері ретінде қызмет атқарады. Мұндай тәсілдер тараптардың құқықтары мен мүдделерін тең дәрежеде қорғап, қоғамдағы әлеуметтік әділдіктің сақталуына ықпал етеді.

Бұрын жұмыс уақыты мен орны қатаң белгіленген болса, бүгінде технологияның дамуы мен цифрландырудың арқасында қашықтан жұмыс істеу, жартылай жұмыс күні, еркін кесте сияқты жаңа форматтар кеңінен таралуда. Елімізде қашықтан жұмыс істеу туралы ереже 2012 жылы пайда болды.

Зерттеу, шолу-талдамалық сипатқа ие



**О.ХАБИЕВ,**  
ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
магистранты

және ол Қазақстанның қолданыстағы еңбек заңнамасына кешенді талдау жүргізуге бағытталған. Талдау нәтижесінде алынған қорытындылар мен ұсыныстар қашықтан жұмыс істеуді кеңінен енгізудің ең қолайлы тұжырымдамаларын жасауға, еңбек нарығын икемді етуге және қызметкерлердің құқықтарын қорғаудың жаңа тетіктерін қалыптастыруға жол ашады.

Қашықтан жұмыс істеу форматы еңбек заңнамасына қатысты бірқатар жаңа мәселелер мен дауларды да туындатып отыр. Мысалы, нақты жұмыс уақыты, еңбекақыны есептеу, еңбек тәртібін бұзу немесе еңбек шартын заңсыз бұзу сияқты сұрақтар жиі кездеседі. Осындай даулар көбіне сот арқылы шешіледі.

Шетелдік тәжірибеде қашықтан жұмысшылардың құқықтары нақты қорғалғаны байқалады, ал бұл Қазақстан үшін де тиімді үлгі бола алады. Нормативтік-құқықтық талдау әдісі арқылы Еңбек кодексіндегі қашықтан жұмысқа қатысты баптар зерттеліп, олардың сот тәжірибесінде қолданылу ерекшеліктері айқындалды. Бұл әдіс еңбек дауларын шешуде заң нормаларының жетілдірілуі қажеттігін көрсетті. Эмпирикалық әдіс негізінде нақты сот істері талданып, қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы даулардың басты себептері анықталды. Көп жағдайда қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлер еңбек шарттарының бұзылғанын дәлелдеуде қиындықтарға тап болады.

Қазақстанда пандемияның таралуын болдырмау мақсатында әлемнің көптеген елдеріндегі сияқты төтенше жағдай енгізілді, бірақ, оған мемлекетіміз еңбек қатынастарын ұйымдастыру жағынан дайын емес еді. Қашықтан жұмыс істеудің Еуропалық қордың 2015 жылғы зерттеуінде айтылған мобильді жұмыстан айырмашылығы, қазақстандық заңнамада жүйелілік реттелмеген. Дәстүрлі және қашықтан жұмысты кезектестіруді қолданудың тәртібі мен шарттарын айқындау тараптардың еңбек шартының қарауына қалдырылады. Қашықтағы жұмысшымен еңбек шартын жасау барысында электронды әдісті қолдану жұмыс

берушіден де, қызметкерден де белгілі бір күш-жігерді қажет етеді. Егер ЭЦҚ пайдалану әрекеттері алдын ала жасалмаған болса, онда оларды тек еңбек шартын жасауда өте қымбатқа түсуі мүмкін, одан да дәстүрлі жазбаша әдісті қолдану оңайырақ болады.

Қашықтан жұмыс істеуде жұмыс орнын құқықтық реттеу мәселелері маңызды. Еңбек кодексінің 28-бабына сәйкес, жұмыстың орындалатын орны еңбек шартының міндетті шарттарының бірі болып табылатынына қарамастан, заңда қашықтан жұмыс істеу кезінде жұмысты орындау орны көрсетілмейтіні туралы тармақ қарастырылған. Бұл ретте жұмыс берушінің орналасқан жері емес, жұмыс орны деп жұмыстың орындалатын жерін түсіну керек.

Халықаралық сот тәжірибесінде қашықтан жұмыс істеуге байланысты еңбек даулары бірнеше негізгі бағытта қалыптасқан. Мысалы, Еуропалық Одақ (ЕО) тәжірибесінде қашықтан жұмыс істеу «European Framework Agreement on Telework (2002)» құжаты арқылы реттеледі. Сот тәжірибесі осы құжаттың қағидаларын басшылыққа алды. Case C-354/13, FNV Kunsten Informatie en Media Еуропалық Сот қашықтан жұмыс істейтін шығармашылық қызметкерлердің еңбек қатынастарындағы құқықтық мәртебесін нақтылады. Сот еңбек қатынастары қашықтан орындалса да, жұмыс берушінің басқару және бақылау элементі бар болса, еңбек шарты толық қолданылады деп көрсетті. Ал Германияның Federal Labour Court (Bundesarbeitsgericht) 2021 жылғы шешімінде сот қашықтан жұмыс істейтін қызметкердің үйінде жарақат алғанын «еңбек қызметін орындау кезінде болған оқиға» ретінде таныды. Сот жұмыстың қашықтан орындалуы еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін жоймайтынын атап өтті. Францияның Cour de Cassation бірнеше шешімінде сот қашықтан жұмыс істейтін қызметкердің жұмыс уақытына бақылау жүргізу міндеті жұмыс берушіде екенін көрсетті. Қызметкердің «әрдайым қолжетімді болуы» талап етілсе – ол еңбек құқығының бұзылуы ретінде бағаланады.

Аталған проблемаларды шешу үшін



еңбек қатынастарының ашықтығын қамтамасыз етеді және даулардың алдын алады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қашықтан еңбек қатынастары еңбек заңнамасының негізгі қағида-дәттарын сақтай отырып дамуы тиіс, алайда, бұл салада әлі де нақтылауды қажет ететін көптеген құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық мәселелер бар.

бірқатар ұсыныстар беріледі, біріншіден, Еңбек кодексінің 138-бабын жетілдіру қажет. Қашықтан жұмыс істеудің құқықтық негіздері нақты және түсінікті болуы тиіс. Еңбек шартында онлайн байланыс құралдарын пайдалану тәртібі, есеп беру формалары, жұмыс уақыты мен демалыс уақытының шекаралары анық көрсетілгені жөн. Екіншіден, сот тәжірибесін жүйелеу және біріздендіру маңызды. Қашықтан жұмысқа байланысты туындайтын даулар бойынша Жоғарғы Соттың түсіндірмелері мен әдістемелік нұсқаулары сотта шешім қабылдау кезінде бірыңғай ұстаным қалыптастырар еді. Үшіншіден, дәлелдемелерді жинау мен ұсыну мәселесіне назар аудару қажет. Қашықтан жұмыс кезінде көп нәрсе электрондық түрде жүреді, сондықтан, электронды хаттар, мессенджердегі жазбалар немесе онлайн тапсырмалар еңбек қатынастарының дәлелі ретінде мойындалуы тиіс. Бұл тұрғыда электрондық дәлелдемелердің заңдық мәртебесін нақты бекіту қажет. Төртіншіден, медиация мен татуластыру тетіктерін кеңінен қолдану маңызды. Сотқа дейінгі кезеңде онлайн форматтағы бітімгерлік кездесулер немесе медиация сеанстары өткізілуі тараптардың уақыты мен қаражатын үнемдеп, дауды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік береді. Қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру, цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру де ерекше мәнге ие. Электронды еңбек шарттары мен онлайн тіркеу жүйелерін енгізу

Ең алдымен, қашықтан жұмыс істеуге қатысты қолданылып жүрген нормалар қызметкер мен жұмыс беруші арасында туындайтын дауларды толық көлемде реттеуге жеткіліксіз. Жұмыс уақытының шектелмеуі, бақылау мен бағалау тетіктерінің әлсіздігі, интернетке тәуелділік, электрондық дәлелдемелердің құқықтық мәртебесінің айқын болмауы – еңбек дауларының негізгі себептері ретінде танылды. Сонымен бірге, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыс орнын анықтау мәселелері де қосымша регламенттеуді талап етеді.

Еуропа, АҚШ және Оңтүстік Корея соттарының шешімдері қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің құқықтарын қорғау, жұмыс уақытын реттеу, электрондық дәлелдемелерді мойындау және онлайн еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыттарында бірқатар маңызды ұстанымдарды айқындады. Бұл тәжірибе Қазақстан үшін де тиімді бағдар бола алады.

Жалпы алғанда, қашықтан жұмыс істеуді құқықтық реттеу жүйесін жетілдіру еңбек нарығында әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етіп қана қоймай, цифрлық экономика жағдайында еңбек қатынастарын жаңаша форматта дамытуға мүмкіндік береді. Бұл мемлекет, жұмыс берушілер және қызметкерлер арасындағы әлеуметтік серіктестікті нығайтып, еңбек дауларының алдын алуға және заманауи еңбек қатынастарының тиімді моделін қалыптастыруға жағдай жасайды.

**АННОТАЦИЯ.** Мақалада еңбек дауларының туындау себептері, оларды шешу механизмдері және жұмыс берушінің заң алдындағы жауапкершілігі қарастырылады. Зерттеуде еңбек дауларын шешудің сотқа дейінгі және соттық тәсілдері, оның ішінде келісу комиссиясы, медиация, арбитраж сынды институттардың рөлі сараланады. Сонымен қатар, жұмыс берушінің заңсыз әрекеттері үшін көзделген әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілік түрлері талданады.

Мақаланың басты мақсаты – қашықтан жұмыс істеу кезінде туындайтын еңбек дауларын сот арқылы тиімді шешу жолдарын ұсыну және жұмыс берушілердің заң талаптарын бұзу салдарын ашып көрсету, еңбек қатынастарын ұйымдастыруды дамыту үшін еңбек заңнамасының қашықтан жұмыс істеу саласындағы нормаларын олардың тиімділігі тұрғысынан зерделеу болып табылады.

**Түйін сөздер:** еңбек, еңбек дауы, жұмыс беруші, жұмыскер, еңбек құқығы, дауды шешу, құқық, заңнама, қашықтан жұмыс, еңбек қатынастары, цифрландыру, еңбек жағдайлары, еңбекті ұйымдастыру.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. ҚР Еңбек кодексі 2015 ж. 23.11. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414/k150414.htm>
2. ҚР Азаматтық кодексі 1994 ж. 27.12 [//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000)
3. ҚР Азаматтық процесілік кодексі 2015 ж. 31.03. [//https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377)
4. Р.Жайлова, «Еңбек даулары және оларды шешу жолдары». – Алматы, Заң 2020. – 1-37 б.
5. Bartik A.W., Bertrand M., Lin F., Rothstein J., Unrath M. Measuring the labor market at the onset of the COVID-19 crisis, Brook. Paper. Econ. Activ. Natl. Bureau Econ. Res., Working Paper 27613. – 2020 жылғы [Электрондық ресурс] [//https://www.nber.org/papers/w27613](https://www.nber.org/papers/w27613)
6. «Qazaqstan Respublikasynda totenshe zhagdajdy engizu turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin Zharlygy. 15.03.2020. [Электрондық ресурс] [//https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31915024#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31915024#activate_doc=2)
7. Qazaqstannyn enbek narygy: zhana realija zhagdajyndagy damu» ulttyk bajandamasy. (2021). [Электрондық ресурс] [//https://iac.enbek.kz/ru/node/1179](https://iac.enbek.kz/ru/node/1179)

*Алдағы уақытта өнім түрлерін кеңейту, өндірістік қуаттарды арттыру және технологиялық шешімдерді еліміздің өзге өңірлеріндегі ұқсас кәсіпорындарға енгізу жоспарланған. Алматыда іске қосылған жаңа зауыт қазақстандық технологияларға сүйене отырып, өндірістік қалдықтарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Кәсіпорын құрғақ құрылыс қоспаларын өндіруге маманданған және бұл өнімдер қазірдің өзінде құрылыс нарығында сұранысқа ие бола бастады.*

# ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЗАУЫТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жоба Satbayev University ғалымдарының қатысуымен отандық жоғары оқу орындары және ғылыми ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылды. Ғылыми топ рецептураларды әзірлеуден және шикізатты іріктеуден бастап технологиялық процестерді баптауға және сериялық өндірісті іске қосуға дейінгі жұмыстардың толық циклін қамтамасыз етті. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың университеттер жанынан технологиялық парктер құру және ғылымды өнеркәсіп саласына интеграциялау жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында іске асырылады. Diatomite зауыты – Satbayev University базасында жүзеге асырылып жатқан Technopark Stroytech ірі инновациялық жобасының құрамдас бөлігі.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауына ие болған жоба Satbayev University, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Металлургия және кен байыту институты, сондай-ақ индустриялық серіктес – «Savenergy» компаниясының қатысуымен жүзеге асырылады.

– Бұл жоба – университеттердің тек кадр даярлау орталығы ғана емес, сонымен қатар индустриялық дамудың драйверіне айналуының нақты үлгісі. Мұндай тәжірибені еліміздің барлық өңірінде кеңінен тарату жоспарланып отыр, – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Жобаның негізгі ерекшелігі – жергілік-

ті минералдық шикізат пен қайта өңделген өнеркәсіптік қалдықтарды пайдалану. Satbayev University профессоры-зерттеуші Руслан Нұрлыбаевтың айтуынша, әзірленген технологиялар жаңа құрылыс материалдарын жасап қана қоймай, оларды өнеркәсіптік өндіріске сәтті енгізуге мүмкіндік берді. Осылайша, бұрын пайдаланылмаған қалдықтар құрылыс саласы үшін сұранысқа ие ресурсқа айналып, экологиялық жүктемені азайтуға және өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Қолданылатын технологиялық шешімдер патенттермен қорғалған. Өндірілетін құрылыс қоспалары жоғары беріктік сипаттамаларына ие, ұлттық стандарттарға сәйкес келеді және тиісті сертификаттаудан өткен. Өнімдер қазірдің өзінде отандық құрылыс компаниялары тарапынан қолданылып, олардың сапасы мен нарықтағы сұранысын растап отыр. ҚР жаңа Конституциясында айқындалған елдің стратегиялық бағытын іске асыру аясында білім мен технологияға негізделген экономиканы дамыту айрықша маңызға ие. Осыған байланысты ғылыми қауымдастықты экономиканың қолданбалы салалық міндеттерін шешуге тарту басым бағыттардың бірі. Кәсіпорын базасында жаңа буын мамандарын даярлауға арналған оқу-зертханалық кешен жұмыс істейді. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми зерттеулерге қатысуы, сондай-ақ инновациялық құрылыс материалдарын сынақтан өткізу көзделген.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ**

# ПРАВО РЕБЕНКА БЫТЬ ВЫСЛУШАНЫМ: ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

*Право ребенка быть выслушанным является одним из ключевых стандартов современного правосудия, ориентированного на интересы ребенка. Оно отражает переход от патерналистского подхода, при котором ребенок рассматривался исключительно как объект защиты, к модели, в которой он признается самостоятельным носителем прав. В судебной практике по семейным спорам реализация данного права приобретает особую значимость, поскольку затрагивает вопросы определения места жительства ребенка, порядка общения с родителями, усыновления, ограничения или лишения родительских прав.*



**Айжан БАЙЖУМАНОВА,**  
судья Специализированного  
межрайонного суда по делам  
несовершеннолетних Акмолинской  
области

Международным источником, закрепляющим право ребенка выражать свое мнение, является Конвенция о правах ребенка 1989 года. В соответствии со статьей 12 Конвенции, государство обязано обеспечить ребенку, способному сформулировать собственное мнение, право свободно выражать его по всем вопросам, затрагивающим его интересы, придавая этому мнению

должный вес в соответствии с возрастом и степенью зрелости ребенка.

На национальном уровне данное право закреплено в семейном и процессуальном законодательстве Республики Казахстан. Нормы Семейного кодекса предусматривают обязанность учитывать мнение ребенка при разрешении споров, затрагивающих

его права и интересы, как правило, по достижении им определенного возраста, а также в иных случаях – при наличии достаточной степени осознанности. Процессуальное законодательство, в свою очередь, определяет формы и порядок выяснения мнения ребенка в суде.

Таким образом, право ребенка быть выслушанным имеет комплексный характер и опирается как на международные обязательства государства, так и на внутренние правовые механизмы.

Процессуальные гарантии направлены на то, чтобы мнение ребенка было получено законным способом, без давления и с соблюдением принципа наилучшего обеспечения его интересов.

Во-первых, важной гарантией является определение надлежащей формы опроса. Суд вправе заслушать ребенка непосредственно в судебном заседании психолога, социального педагога, представителя органа опеки и попечительства. В отдельных случаях допускается опрос ребенка вне зала суда, в обстановке, минимизирующей стресс.

Во-вторых, принцип добровольности выражения мнения ребенка исключает принуждение к даче объяснений. Ребенок имеет право отказаться от высказывания своей позиции, если это может причинить ему психологический вред.

В-третьих, процессуальной гарантией является конфиденциальность.

Суд обязан обеспечить защиту ребенка от возможного негативного влияния со стороны родителей или иных заинтересованных лиц, в том числе путем ограничения их присутствия при опросе.

Наконец, существенное значение имеет надлежащая оценка судом высказанного мнения. Мнение ребенка не носит для суда заранее определяющего характера, однако его игнорирование без мо-

тивированного обоснования противоречит принципам справедливого судебного разбирательства.

Реализация права ребенка быть выслушанным неразрывно связана с учетом возрастных и психологических особенностей. Дети различного возраста по-разному воспринимают конфликт между родителями и роль суда в разрешении спора.

Младшие дети чаще ориентируются на эмоциональную привязанность и могут испытывать страх перед авторитетом суда. Подростки, напротив, склонны к более осознанному выражению своей позиции, однако могут находиться под влиянием одного из родителей или испытывать внутренний конфликт лояльности.

Существенную роль играет формулировка вопросов. Они должны быть нейтральными, не навещающими и понятными ребенку. Недопустимо возлагать на ребенка ответственность за исход спора или создавать у него ощущение, что именно от его выбора зависит судьба родителей.

Участие психолога позволяет выявить степень самостоятельности мнения ребенка, наличие давления и эмоциональное состояние, что повышает качество судебной оценки полученных сведений.

Право ребенка быть выслушанным является не формальной процедурой, а важнейшим элементом защиты его интересов. Эффективная реализация данного права возможна лишь при соблюдении процессуальных гарантий и глубоком учете психологических аспектов.

Суд, разрешая дела с участием детей, должен стремиться к балансу между уважением к мнению ребенка и своей обязанностью принять решение, отвечающее его наилучшим интересам. Именно такой подход соответствует современным стандартам правосудия и укрепляет доверие к судебной системе.

# АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН СОТ ІСІН ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Республикамыздың сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар құқықтық мемлекеттің қағидаттарын нығайтуға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын тиімгі қорғауға бағытталған. Сол реформалардың маңызды бағытының бірі – алқабилер соты институтының дамуы. Бұл институттың енгізілуі сот билігінің ашықтығын күшейтіп қана қоймай, әгіл сот төрелігін жүзеге асыру үдерісіне қоғам өкілдерінің тікелей араласуына жол ашты.*

Тәуелсіз мемлекетіміздің «Алқабилер туралы» заңына сәйкес, алқаби – бұл заңда көзделген тәртіп бойынша қылмыстық істі сотта қарауға қатысу үшін шақырылған және ант берген Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады[1]. Сонымен қатар, алқаби – қылмыстық іс жүргізу заңында айқындалған тәртіппен таңдалған, істі қарау кезінде заң талаптарынан емес, өз ар-намысы, әділдікке деген сенімі және ішкі нанымы негізінде шешім қабылдайтын, қылмыс жасаған адамның кінәлі немесе кінәсіз екендігін анықтауға қатысатын азамат.

Қазақстанда «Алқабилер туралы» заңның қолданысқа енуі азаматтардың сот төрелігіне қатысуының нақты құқықтық негізін қалады. Дегенмен, алқабилер сотының қызметін дамытуда белгілі бір мәселелер де жоқ емес. Тәжірибе көрсеткендей, алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің үлесі төмен деңгейде қалып отыр. Мұның себебі, қоғамның бұл институттың мәнін толық түсінбеуімен байланысты. Осыған орай, алқабилер институтын жетілдіру, оны кеңінен қолдану мен тиімділігін арттыру – қазіргі сот реформасының өзекті бағыттарының бірі болып табылады.

Алқабилер институтының қалыптасуы тек құқықтық аспектілермен шектелмейді. Бұл азаматтық қоғам мен сот билігінің өзара байланысын көрсететін саяси-құқықтық құбылыс. Алқабилер сотының түп-тамыры

ежелгі демократиялық дәстүрлермен байланысты. Ә.Құрықбаев, өзге де заңгерлер бұл институттың тарихын 1215 жылы Англияда қабылданған, 63 баптан тұратын маңызды саяси-құқықтық акт – «Еркіндіктің Ұлы хартиясымен» (Magna Carta) байланыстырады. Дегенмен, осы Хартияның ережелерін талдау нәтижесінде Англияда алқабилердің қатысуымен сот жүргізу дәстүрі бұдан да ертерек қалыптасқаны байқалады. Мұны ағылшын зерттеушісі Франк Ледвидж «Алқабилер соты Ұлы Хартиядан бұрын да өмір сүрген, ал Хартия тек адамның өзіне тең адамдардың сотында қаралу құқығын заң жүзінде бекіткен» деп көрсетеді [2, 7 б.].

Қазақстанда бұл институтқа деген қызығушылық 1990-шы жылдардың ортасында, сот реформасы тұжырымдамасы қабылданған кезде пайда болды. Нәтижесінде 2006 жылы «Алқабилер туралы» заң қабылданып, 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енді. Алғашқы кезеңде алқабилер тек аса ауыр санаттағы қылмыстық істерге тартылды. Уақыт өткен сайын бұл институттың қызмет ету саласы кеңейіп, оған қатысты бірқатар заңнамалық түзетулер енгізілді. Ә.Құрықбаевтың тәжірибелік оқу құралында атап өтілгендей, «алқабилердің қатысуымен жүргізілетін қылмыстық сот ісі – қылмыстық істерді қарау мен шешу үдерісіне қоғам мүшелерінің араласуын білдіреді. Мұндай сот құрамында, бір жағынан,

қылмыстық оқиғаның болған-болмағанын және айыпталушының кінәлілігін анықтауға уәкілетті кәсіби емес алқабилер болса, екінші жағынан, құқықтық мәселелердің барлығын шешу өкілеттігіне ие кәсіби судья қатысады», – деп түсіндірілген. [3, 3 б.]

Теориялық тұрғыдан алғанда алқабилер институты құқықтық мемлекет пен биліктің бөлінуі қағидаттарына сүйенеді. Халықты сот билігіне қатыстыру арқылы әділ сотты қамтамасыз етудің негізгі теориялық қағидаттарын атасақ, халық егемендігі қағидаты – сот билігі халықтың атынан жүзеге асырылады; сот әділдігін демократияландыру – кәсіби судья мен қоғам өкілдерінің бірлескен шешімі арқылы әділдікті қамтамасыз ету; қоғамдық бақылау – алқабилердің қатысуы сот процестерін ашық әрі жария етеді; кінәсіздік презумпциясын нығайту – алқабилер тарапынан қабылданған шешім қоғамның әділет сезіміне негізделеді.

Конституцияның 75-бабына сәйкес, сот төрелігін тек сот жүзеге асырады, ал кейбір жағдайларда заңда көзделген тәртіппен азаматтар алқабилер ретінде сот төрелігіне қатыса алады [4].

Алқабилер 25 жасқа толған, соттылығы жоқ және сот жүйесінде немесе құқық қорғау органдарында жұмыс істемейтін Қазақстан азаматтарының арасынан іріктеледі. Іріктеу 2023 жылға дейін жергілікті атқарушы органдар қалыптастырған тізім негізінде жүргізілген, алайда, 2023 жылы «Алқабилер туралы» заң өзгертіліп, алқабилер болуға үміткерлердің бірыңғай тізімі соттың сұратуы негізінде Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті ақпараттандыру органы пайдаланатын ақпараттық-талдау жүйесі мен «электрондық үкімет» ақпараттандыру объектілері арқылы электронды түрде жасақталатын болды[1].

Алқабилердің қатысуымен істерді қарау тәжірибесі жөнінде қарастырсақ Ә.Құрықбаевтың еңбектерінде алқабилер институты енгізілген бастапқы жылдардағы статистикасы нақты көрсетілген. Ол бойынша «2007 жылы алқабилердің қатысуымен 36 іс қаралып, үкім шығарылса, 2008 жылы – 42, ал 2009 жылы – 59 іс қаралған. Кейін алқа-

билер сотының құзыры кеңейтіліп, тек аса ауыр қылмыстарды қарау міндеті жүктелді. 2010 жылдан 2014 жылға дейінгі аралықта сот алқабилердің қатысуымен 1510 адамға қатысты 1113 қылмыстық істі қараған. Елеулі жетістік ретінде алқабилердің ақтау үкімдерін жиі шығарғанын атап өтуге болады: сол кезеңде 132 адам ақталған»[5, 4 б.].

Соңғы жылдары елімізде алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер саны айтарлықтай артқан. Бұған Жоғарғы Сот төрағасы А. Мерғалиевтің «Алқабилердің құзыреті кеңейіп, олар қарайтын істердің саны 147-ден 261-ге дейін екі есеге өсті» деген сөзі дәлел. [6].

Алқабилер институтының тиімді қызметін тежейтін бірқатар қиындықтар бар соларды атап өтсек, іріктеу мәселесі – алқабилерге кандидат ретінде шақырылғандар түрлі себептермен қатысудан бас тартады. Құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі – алқабилердің кейбірі сот процесінің ерекшеліктерін толық түсінбеуі әділ және дұрыс шешім қабылдауға кедергі келтіреді. Алқабилерге арналған арнайы оқу бағдарламалары мен тренингтер жоқ. Материалдық ынталандырудың жеткіліксіздігі негізгі мәселелердің бірі, себебі, алқабилерге төленетін сыйақы мен берілетін әлеуметтік кепілдіктердің шектеулілігі олардың процеске қатысуға деген қызығушылығын азайтады.

Зеттеу барысында шетелдің тәжірибесіне салыстырмалы талдау арқылы әлемдік тәжірибеде алқабилер институтының әртүрлі үлгілері барын анықтап өттік. Мәселен, АҚШ үлгісі – классикалық нұсқа. Алқабилердің шешімі үкімнің тағдырын анықтайды. Бұл жүйе азаматтардың белсенділігін арттырады, бірақ, процесс ұзақ әрі қымбат болуы мүмкін. Мұнда алқабилер шешімі – халықтың дауысымен қабылданған әділ үкім ретінде жоғары бағаланады. Француз үлгісі – аралас модель. Мұнда кәсіби судьялар мен алқабилер бірге шешім шығарады. Бұл әдіс үкімнің заңдылығын да, әділдігін де сақтауға мүмкіндік береді. Германия үлгісі – «шэффендер» деп аталатын жартылай кәсіби алқабилер жүйесі. Олар тұрақты негізде жұмыс істейді және құқықтық дайындықтан өтеді. Сондай-ақ, кәсіби судьялармен бір

деңгейде үкім шығарады. Ағылшын үлгісінде алқабилер соты – құқықтық дәстүрдің өзегі. 12 алқабилер қатысып, шешім көпшілік дауыспен қабылданады. Судья тек құқықтық мәселелер бойынша нұсқау береді, ал фактіні бағалау – алқабилердің құзырында. Бұл принцип сот әділдігін саяси немесе әкімшілік ықпалдан қорғауға мүмкіндік береді. Қазақстан үшін ең тиімді нұсқа – аралас жүйені жетілдіру және кәсіби судьялармен қатар алқабилердің тең серіктес рөлін күшейту болып табылады.

Тақырыпқа сәйкес, көрсетілген проблемаларды шешуде қоғамда резонанс тудыратын, азаматтардың өмірі мен ар-намысына әсер ететін кейбір орташа ауыр істерді де алқабилер қатысуымен қарау ұсынылады. Бұған мысал ретінде лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (ҚК 361-бабы) және сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер (ҚК 366, 367-баптар) көрсетіледі.

Қазақстандық алқабилер институтын кеңейту мен жетілдіру бағытында келесі заңнамалық шешімдер өзекті: 1) «Алқабилер туралы» заңды жаңарту. Заңға заманауи талаптарға сай толықтырулар енгізу, іріктеу, оқыту және әлеуметтік кепілдіктер жүйесін нақтылау. 2) ҚР ҚПК-не өзгерістер енгізу. Алқабилер сотының қатысу аясы мен өкілеттігін кеңейту, шешім қабылдау рәсімін жетілдіру. 3) Цифрлық форматты енгізу. Іріктеу мен есеп жүргізуді электрондық жүйеге көшіру. Бұл ашықтық пен статистикалық талдауға мүмкіндік береді. 4) Қоғамдық санада оң имидж қалыптастыру. БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы алқабилер

қызметінің маңызын түсіндіретін ақпараттық науқандар жүргізу.

Аталған институттың әлеуметтік-психологиялық аспектілеріне тоқталсақ, алқабилер шешім қабылдау барысында психологиялық қысымға түсуі ықтимал. Сондықтан, мемлекет оларға психологиялық қолдаумен қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыз етуге міндетті. Қысым көрсеткендерге ҚР ҚК-не «Алқабилерге қысым жасау» туралы жеке бап енгізу ұсынылады. Психологиялық қолдау - сот процесінен кейін арнайы кеңесшілер қызметін ұйымдастыру қажет. Мұндай шаралар алқабилердің еркін шешім қабылдауына жағдай жасайды және сот жүйесіне деген сенімді арттырады.

Алқабилер институты – демократиялық қоғамның айнасы. Қазақстанда бұл институттың дамуы сот реформаларының маңызды бөлігіне айналды. Алқабилердің қатысуынсыз сот әділдігін қамтамасыз етудің бұдан өзге тиімді баламалы тәсілі әзірге табылған жоқ. Сол себепті, алқабилер сотының енгізілуі қоғамның сот жүйесіне деген сенімін күшейтіп, оның абыройы мен қоғамдық мәртебесін айтарлықтай өзгертті[6].

Жоғарыда аталған ұсыныстар жүзеге асырылған жағдайда, алқабилердің қатысуымен қылмыстық істерді қарау тетігі еліміздегі құқықтық мемлекеттілікті күшейтіп, әділ сот төрелігінің нақты кепілі бола алады.

**Ж.САЙМАНОВА,  
ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
магистранты**

**АННОТАЦИЯ:** Мақалада алқабилер соты институтының қалыптасуы, дамуы және Қазақстанда қылмыстық істерді олардың қатысуымен қарау жүйесінің қазіргі ахуалы, құқықтық негіздері мен даму болашағы жан-жақты талданады. Сонымен қатар, шетелдік мемлекеттердегі алқабилер сотының үлгілерімен салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың тиімді тәжірибелерін ұлттық сот жүйесіне енгізу жолдары қарастырылады.

Мақаланың басты мақсаты – Қазақстанда алқабилер институтының дамуын жан-жақты талдау, қолданыстағы заңнаманың тиімділігін бағалау және алқабилер сотының болашақтағы даму бағыттарын айқындау болып табылады. Зерттеу нәтижесінде алқабилер институтын жетілдірудің негізгі бағыттары мен заңнамалық тұрғыдан дамыту ұсыныстары тұжырымдалады.

**Түйін сөздер:** алқабилер соты, қылмыстық іс жүргізу, сот төрелігі, әділ сот, құқықтық реформа, заңнаманы жетілдіру, азаматтық белсенділік.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- ҚР Алқабилер туралы 2006 жылғы 16 қаңтардағы №121 заңы // <https://adilet.zan.kz>  
 Ә. Құрықбаев «Алқабилер: жетістігі мен болашағы». – Оқулық. – Алматы, «Принт плюс». – 2017. – 208 б.  
 Ә.Құрықбаев «Алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу». – Тәжірибелік құрал. – Астана, 2012. – 168 б.  
 ҚР Конституциясы. – Алматы, 2024.  
 Ә.Құрықбаев «Қылмыстық істер бойынша алқабилерді қатыстырып іс жүргізу». – Оқу құралы. – Астана: ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясы, 2018. – 164 б.  
 Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасын қабылдады. <https://kaz.tengrinews.kz> / [kazakhstan\\_news / tokaev-jogargyi-sot-toragasyin-kabyildadyi](https://kazakhstan_news/tokaev-jogargyi-sot-toragasyin-kabyildadyi)

# ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ ШАРТТАР БОЙЫНША СОТ ІСТЕРІН ТАЛДАУ

*Мақалаға Қазақстан Республикасындағы лицензиялау жүйесінің құқықтық табиғаты, оның қалыптасуы мен даму ерекшеліктері, сондай-ақ, халықаралық тәжірибемен өзара байланысы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеу барысында лицензиялаудың құқықтық негіздерін айқындайтын негізгі нормативтік-құқықтық актілерге талдау жасалып, олардың қолданылу тәжірибесі мен өзекті мәселелері анықталады.*

Сонымен қатар, лицензиялау жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында халықаралық ұйымдардың талаптары мен стандарттарын енгізу қажеттілігі негізделеді. Лицензиялаудың экономика мен кәсіпкерлік қызметтегі маңызы, оның заң талаптарына сәйкестігі, сондай-ақ, лицензиялық шарттарды бұзу мәселелері сот практикасы негізінде жан-жақты талданады. Зерттеудің негізгі мақсаты – лицензиялық қатынастарды құқықтық тұрғыдан жетілдіру және ұлттық заңнаманы дамытуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Қазақстан Республикасында лицензиялау жүйесі мемлекеттік реттеудің негізгі құралдарының бірі ретінде қалыптасқан. Ол кәсіпкерлік қызметтің заңдылығын қамтамасыз етуге, қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға және нарықтағы әділ бәсекелестікті қолдауға бағытталған. Лицензиялау арқылы мемлекет белгілі бір қызмет түрлеріне бақылау орнатып, олардың қоғамға қауіпсіз әрі сапалы түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе, әсіресе, денсаулық сақтау, құрылыс, қаржы, білім беру және өнеркәсіп сияқты стратегиялық маңызды салаларда ерекше рөл атқарады. Сонымен қатар, лицензиялау экономиканың тұрақты дамуына, инвестициялық тартымдылықтың артуына және кәсіпкерлік ортаның қалыптасуына оң әсер етеді.

Соған қарамастан, лицензиялық шарттардың бұзылуы қазіргі таңда өзекті құқықтық

мәселелердің бірі болып отыр. Мұндай бұзушылықтар тек жекелеген кәсіпкерлерге ғана емес, жалпы экономикалық жүйеге де теріс әсерін тигізеді. Лицензиялық талаптардың сақталмауы нарықтағы теңсіздікке, сапасыз өнімдер мен қызметтердің пайда болуына, сондай-ақ, тұтынушылардың құқықтарының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Лицензиялық шарт – құқық иеленушінің (лицензиардың) зияткерлік меншік объектісін белгілі бір талаптармен басқа тұлғаға (лицензиатқа) пайдалануға беру туралы келісімі. Бұл шарт азаматтық-құқықтық мәміле ретінде міндеттемелік құқық қатынастарын қалыптастырады және зияткерлік меншік құқықтарын экономикалық айналымға енгізудің негізгі құралы болып табылады. Оның басты ерекшелігі – материалдық емес құқықтарды беруінде, яғни, меншік құқығы толық берілмей, тек пайдалану құқығы уақытша және шартты түрде ұсынылады. Тараптар келісім негізінде лицензияның мерзімін, қолданылу аумағын, роялти мөлшерін, лицензия түрін және басқа да талаптарды өзара айқындай алады.

Лицензиялық шарттардың икемділігі оларды қазіргі нарықтық экономика жағдайында тиімді құралға айналдырады. Олар технология трансферін жүзеге асыруға, ғылыми жетістіктерді коммерцияландыруға, инновациялық қызметті дамытуға және ха-

лықаралық экономикалық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді. Әсіресе, цифрландыру дәуірінде бағдарламалық қамтамасыз ету, цифрлық өнімдер және авторлық құқық объектілеріне қатысты лицензиялық қатынастардың маңызы артып отыр.

Қазақстандағы лицензиялау жүйесі заңнамалық тұрғыдан реттелгенімен, оның тиімділігіне кері әсер ететін бірқатар жүйелі мәселелер сақталуда. Атап айтқанда, лицензия беру рәсімдерінің күрделілігі мен бюрократиялық сипаты, нормативтік-құқықтық актілердің жиі өзгеруі және олардың арасындағы үйлесімсіздік, сондай-ақ мемлекеттік бақылау тетіктерінің жеткіліксіздігі байқалады. Бұл жағдайлар кәсіпкерлер үшін қосымша әкімшілік кедергілер туғызып, лицензиялық талаптарды бұзу тәуекелін арттырады.

Лицензиялық шарттардың бұзылуы әртүрлі нысандарда көрініс табады. Олардың ішінде зияткерлік меншік объектілерін рұқсатсыз пайдалану, лицензия мерзімі аяқталғаннан кейін қызметті жалғастыру, роялти төлемдерін уақытылы төлемеу, шартта белгіленген аумақтан тыс пайдалану, құпиялылық талаптарын бұзу және сапа стандарттарына сәйкес келмеу сияқты жағдайлар кең таралған. Мұндай бұзушылықтардың салдары ретінде шарттың күшін жою, келтірілген залалды өтеу, айыппұл санкцияларын қолдану және сот тәртібімен құқықтарды қорғау шаралары жүзеге асырылады.

Лицензиялық шарттардың бұзылу себептері көпқырлы сипатқа ие. Олардың қатарында кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығының төмендігі, заң талаптарын толық түсінбеуі, қаржылық тұрақсыздық, басқару жүйесінің әлсіздігі және кадрлардың біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі ерекше орын алады. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар тарапынан бақылау мен қадағалаудың жеткіліксіздігі, құқық қолдану тәжірибесіндегі бірізділіктің болмауы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері де бұл мәселеге ықпал етеді.

Сот тәжірибесі лицензиялық шарттарға байланысты даулардың көбінесе шарт талаптарын дұрыс рәсімдемеуден және тараптардың құқықтары мен міндеттерін нақты айқындамаудан туындайтынын көрсетеді. Даулардың негізгі бөлігі роялти төлемдерінің

кешіктірілуі, шарт мерзімінің бұзылуы, лицензия аумағының сақталмауы және суб-лицензия беру тәртібінің бұзылуына қатысты болады. Көп жағдайда соттар лицензиялардың құқықтарын қорғауға басымдық береді, алайда құқық қолдану практикасының бірізді еместігі байқалады.

Статистикалық мәліметтер лицензиялық шарттарға байланысты сот істерінің саны жыл сайын артып келе жатқанын көрсетеді. Бұл лицензиялық қатынастардың күрделене түскенін және оларды құқықтық реттеуді жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Істердің едәуір бөлігі бітімгершілік жолымен шешілсе, қалғандары сот шешімі арқылы қаралады, бұл дауларды сотқа дейін реттеу тетіктерін дамытудың маңыздылығын айқындайды.

Осыған байланысты лицензиялау жүйесін жетілдіру бағытында бірқатар нақты ұсыныстар беріледі. Атап айтқанда, лицензиялық шарттарды электрондық форматта тіркеу жүйесін енгізу, роялти есептеу тәртібін нақтылау және біріздендіру, сот практикасының бірыңғай ақпараттық базасын қалыптастыру, құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік шараларын нақтылау және күшейту, сондай-ақ, медиация және келіссөз институттарын дамыту қажет. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу маңызды.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы лицензиялау жүйесі кәсіпкерлік қызметті реттеудің және зияткерлік меншік құқықтарын қорғаудың маңызды құқықтық құралы болып табылады. Алайда, лицензиялық шарттардың бұзылуы оның тиімділігіне кері әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып отыр. Осыған байланысты заңнаманы жетілдіру, мемлекеттік бақылау мен қадағалау тетіктерін күшейту, сондай-ақ, кәсіпкерлердің құқықтық мәдениетін арттыру қажет. Ұсынылған шараларды жүзеге асыру лицензиялық қатынастардың ашықтығын қамтамасыз етіп, зияткерлік меншік құқықтарын тиімді қорғауға және ұлттық экономиканың тұрақты дамуына оң ықпал етеді.

**Талант АМАНГЕЛДИЕВ,**  
**ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы**  
**Сот төрелігі академиясының**  
**магистранты**

# СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ ИНСТИТУТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Психологиялық қолдауды сот жүйесіне енгізуде судьяларға тұрақты және қолжетімді психологиялық кеңес беру қызметтері, эмоциялық интеллект пен күйзеліс менеджментіне арналған тренингтер, жұмыс жүктемесін тиімді басқару және релаксациялық бағдарламалар, менторлық қолдау маңызды. Сот талқылауы барысында диалогты басқару, жанжалдарды шешу, эмоциялық тұрғыдан шиеленіскен жағдайларды жұмсарту, өзінің психологиялық күйін, «сот залындағы ахуалды» түсіну және реттеу қажеттілігі судьядан тек арнайы кәсіби біліктілікті (заңгерлік білімнің болуы, жұмыс тәжірибесі, т.б.) ғана емес, сонымен қатар, жоғары деңгейдегі психологиялық құзыретті де талап етеді.*



**Алуа МҰХАМЕТҚАЛИ,  
ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы  
Сот төрелігі академиясының  
магистранты**

А.Г.Лякастың пікірінше, «Сот процесінің мәдениеті – бұл тек оның қатысушылардың әдептілігі мен тәртіптілігі ғана емес, сонымен қатар, төрағалық етушінің сот отырысында іскерлік атмосфера қалыптастыра білуі» [1]. Сот отырысын жүргізуде судья тек заңгер

емес, сонымен бірге кәсіби коммуникатор ретінде әрекет етеді, оның негізгі функциясы – өзара іс-қимыл процесін басқару. «Басқару» ұғымын ерекше атап өткен жөн, себебі, ол судьяның тараптар өкілдерімен өзара әрекеттесу кезіндегі белсенді позициясын,

сондай-ақ, белгілі бір тұлғалық қасиеттер мен коммуникативтік дағдылардың болуын көрсетеді. Бұлардың жиынтығы судья қызметіне психологиялық дайындық деңгейін айқындайды [2].

Айта кету керек, судьяның кәсіби қызметі көбінесе тек оның заңгерлік білімін жүзеге асыру мүмкіндігі, өз біліктілігі мен құқықтық сауаттылығына қойылатын өзіндік сынақ ретінде қабылданады. Алайда, судьяны даярлау процесінде, қызметке бейімделу кезеңінде бұл қызметтің психологиялық құрамдас бөлігі ескерусіз қалады. Ал шын мәнінде, сот отырысында өзара әрекет заңмен емес, нақты адамдармен жүзеге асырылады. Осы аспектінің еленбеуі салдарынан судьялар сот залындағы мінез-құлық үлгілерін өз бетінше, интуитивті түрде іздеуге мәжбүр болады. Кейде мұндай стихиялық ізденістер тиімді коммуникативтік тәсілдер мен ықпал етудің конструктивті әдістеріне әкелсе, кей жағдайларда, керісінше, эмоциялық шиеленісті күшейтіп, судьяның да, тараптар өкілдерінің де мінез-құлқының деструктивті сипат алуына себеп болады.

Сот талқылауы барысында тараптардың әдеттен тыс, кейде тіпті, адекватты емес мінез-құлқы, сондай-ақ, мұндай жағдайларды басқаруға мүмкіндік беретін дағдылардың жетіспеушілігі судьяда психологиялық жайсыздық пен ішкі кернеу туындатады. Бұл кернеу жинақтала келе, біртіндеп эмоциялық күйзеліс пен кәсіби сарқылуға әкелуі мүмкін [3].

Сонымен қатар, соттағы жұмысты ұйымдастырудың өзі де стрессогендік фактор бола алады, атап айтқанда, істердің шамадан тыс көптігіне байланысты жоғары жүктеме, оларды уақытылы қарау және «құжаттандыру» қажеттілігінен туындайтын уақыт тапшылығы, судья көмекшілері мен хатшылардың жетіспеушілігі және өзге де ұйымдастырушылық мәселелер.

Осылайша, судьяның кәсіби қызметі екі негізгі құрамдас бөліктен тұрады: құқықтық сауаттылық және психологиялық құзыреттілік. Қазіргі таңда психологиялық құзыреттілік көбінесе жүйесіз, стихиялық түрде қалыптасып отыр. Сот отырысын жүргізу процесін басқаруға бағытталған коммуни-

кативтік дағдылар мен өзін-өзі реттеу қабілеттерінде көрініс табатын судьяның психологиялық құзыреттілігі, бір жағынан, эмоциялық күйзеліс пен кәсіби сарқылудың алдын алудың, судьяның психологиялық және физикалық денсаулығын сақтаудың маңызды факторы болып табылады. Екінші жағынан, ол сот билігіне деген қоғамдық сенімді арттырудың тиімді тетігі ретінде қызмет атқарады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, судьяларға бағытталған бағдарламалар екі негізгі бағытты қамтиды: жеке-дара психологиялық қолдау (құпия кеңес беру, психотерапиялық бағыттау, кәсіби менторлық) және ұйымдық-структуралық шаралар (тәлімгерлік жүйелер, ресми оқыту бағдарламалары, жұмыс жүктемесін реттеу механизмі).

Халықаралық қауымдастық сот жүйесіндегі психологиялық және кәсіби әл-ауқаттың маңызын мойындай отырып, оны нығайтуға арналған нормативтік тетіктер мен институционалдық бағдарламаларды қалыптастыруда. Мысалы, 2024 жылы Науру декларациясы сот жүйесінде судьялардың психологиялық және эмоциялық денсаулығын қорғау қажеттігін айқындады, бұл декларация судьялардың әл-ауқатының тек жеке мәселе ғана емес, құқық жүйесінің тәуелсіздігі, әділдігі және тұтастығы үшін маңызды фактор екенін атап көрсетеді [4].

Еуропалық кеңес шеңберіндегі талқылауларда судьялардың шамадан тыс жүктемесі мен эмоциялық сарқылуы олардың тәуелсіздігі мен бейтараптығына қауіп төндіруі мүмкін екені көрсетілген. Бұл факторлар сот жүйесінде институционалдық психологиялық қолдаудың қажеттілігін күшейтеді. Психологиялық қолдау институтының практикалық мәні – судьялар мен сот қызметкерлеріне арналған тұрақты, құрылымдалған және құпиялылық қағидаттарына негізделген көмек жүйесін қалыптастыру. Халықаралық тәжірибеде бірнеше модель қалыптасқан.

Біріншісі, құпия психологиялық кеңес беру бағдарламалары, онда судьялар тәулік бойы кәсіби психологқа жүгіну мүмкіндігіне ие. Мысалы, Австралияның Виктория штатында сот қызметкерлеріне арналған психологиялық қолдау бағдарламасы кәсіби

күйзеліс, травматизация және эмоциялық сарқылу мәселелері бойынша көмек көрсетеді. Екіншісі, профилактикалық-білім беру моделі, яғни, стресс-менеджмент, викарлық травма, эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдылары бойынша оқыту. Үшіншісі, «тең-теңіне қолдау» (peer support) жүйесі, онда арнайы дайындықтан өткен әріптестер бастапқы психологиялық көмек көрсетеді. Төртіншісі, ұйымдастырушылық деңгейдегі шаралар – істерді әділ бөлу, жүктемені оңтайландыру, демалыс режимін сақтау, психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру.

Судьялар мен сот аппараты қызметкерлерінің психологиялық саулығы соңғы жылдары жеке сипаттағы мәселе ретінде емес, сот төрелігінің сапасына, жүйенің тұрақтылығы мен қоғамның сотқа деген сеніміне тікелей ықпал ететін стратегиялық фактор ретінде қарастырыла бастады.

Судья қызметі жоғары жауапкершілікпен, уақыт тапшылығы жағдайында шешім қабылдаумен, тараптар арасындағы қақтығыстармен және қоғамдық резонанспен байланысты. Бұған қоса, судьялар зорлық-зомбылық, өлім, отбасылық даулар, кәметке толмағандарға қатысты істер

сияқты травматикалық мазмұндағы материалдармен тұрақты түрде жұмыс істейді. Кәсіби оқшаулану да маңызды фактор саналады, өйткені, судья этикалық шектеулерге байланысты өз эмоциялық тәжірибесін ашық талқылай алмайды. Осыған байланысты психологиялық қолдау институтын қалыптастыру сот жүйесінің тиімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің қажетті шарты болып табылады [5].

Кейбір елдердің сот жүйесінде психологиялық қолдауға бағытталған нақты бағдарламалар бар. Олар судьялардың психологиялық денсаулығын қолдауда түрлі семинар-тренингтер мен эмоционалдық тұрақтылықты дамыту курстарын ұйымдастырады [6].

Сот жүйесінде психологиялық қолдау институтын қалыптастыру бүгінгі заманның басты талабы. Ұдайы психологиялық қызмет көрсету, арнайы психоэмоционалдық босаңсу бөлмелерін жабдықтау, соттарда психолог маманының қызметін қарастыру секілді шаралар қабылдау барлық сот жүйесін жақсартуға ғана емес, сол жүйенің басты тұлғасы ретінде әр судьяның өміріне, жалпы судья бейнесіне оң әсеріні тигізері сөзсіз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Психологические особенности профессиональной деятельности судей арбитражного суда Баканова-А. // [https://psyjournals.ru/journals/psyedu/archive/2010\\_n1/psyedu\\_2010\\_n1\\_26657.pdf](https://psyjournals.ru/journals/psyedu/archive/2010_n1/psyedu_2010_n1_26657.pdf)
2. Психологические и социальные причины судебного стресса // <https://malyu.pravorub.ru/personal/12884.html>
3. Судебный стресс, И.Сумароков, «Российская юстиция» №12, 2003 г. // <https://base.garant.ru/5121895/>
4. Судьи и стресс: анализ результатов, предсказанных моделью судебного стресса // <https://judicature.duke.edu/articles/an-examination-of-outcomes-predicted-by-the-model-of-judicial-stress/>
5. Судьи получают консультации из за «непрекращающегося» потока серьезных дел, Лорд Бернетт, <https://www.theguardian.com/law/2018/nov/14/judges-get-counselling-strains-workload-sexual-abuse>
6. Психология стресса, <https://referatbooks.ru/kursovaya-rabota/psihologiya-stressa-4/>

*Республикамызда азаматтық сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыру мақсатында оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу институты кеңінен енгізіліп, қазіргі таңда сот тәжірибесінде белсенді қолданылып келеді. Бұл институттың негізгі мақсаты – істерді қарау мерзімдерін қысқарту, сот жүктемесін азайту және азаматтардың сотқа қолжетімділігін қамтамасыз ету. Азаматтық даулардың едәуір бөлігі құжаттық сипатта болғандықтан, оларды жазбаша тәртіпте қарау процестік тұрғыдан орынды болып табылады.*

## ОҢАЙЛАТЫЛҒАН (ЖАЗБАША) ІС ЖҮРГІЗУДІ ЖЕТІЛДІРУ



Сонымен бірге процестің жеделдігі әділ сот қағидаттарының әлсіреуіне әкелмеуі тиіс. Азаматтық сот ісін жүргізудің табиғаты тараптардың дербестігіне, дәлелдеу бастамасына және соттың бейтараптығына негізделеді. Осы жүйеде жарыспалылық пен тең құқықтылық қағидаттары негізгі құқықтық тірек ретінде танылады. Егер бұл қағидаттар толық сақталмаса, жазбаша өндірістің тиімділігі тек формальды сипатқа ие болады.

ҚР Конституциясы әркімнің сот арқылы қорғалу құқығын бекітеді және сот ісін жүргізудің жарыспалылық пен тең құқықтылық негізінде жүзеге асырады. Азаматтық процестік кодекс бұл қағидаттарды нақтылап, тараптардың дәлел ұсыну, қарсылық білдіру, түсініктеме беру және сот актілеріне шағым жасау құқықтарын бекітеді. Осы

тұрғыдан алғанда, оңайлатылған іс жүргізу институтын қолдану – азаматтық процестік заңнаманы қолдану сапасымен тікелей байланысты.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу – істерді сот отырысын өткізбей, жазбаша материалдар негізінде қарауға мүмкіндік беретін ерекше тәртіп. Ол күрделі емес құжаттармен дәлелденетін істерге қолданылады. Мұндай тәсіл күрделі істерге көбірек уақыт бөлуге және жалпы сот жүйесінің жұмысын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл тәртіп соттың негізгі міндеттерін жоймайды. Сот істің мән-жайларын анықтау, дәлелдемелерді жан-жақты зерттеу және заң нормаларын дұрыс қолдану міндетінен босатылмайды. Өзгеретіні, процестің нысаны, яғни, дәлелдемелер мен

уәждердің жазбаша түрде ұсынылуы. Жарыспалылық қағидаты тараптардың дәлелдер мен құқықтық уәждерді өздері ұсынуын білдіреді. Сот тараптардың орнына дәлел жинамайды, тек ұсынылған материалдарды бағалайды. Ал тең құқықтылық қағидаты тараптардың осы процестік мүмкіндіктерді тең пайдалануын қамтамасыз етеді. Бұл қағидаттар бір-бірімен тығыз байланысты және бірінсіз бірі толық жүзеге аспайды.

Жазбаша іс жүргізуде жарыспалылық пен тең құқықтылық қағидаттарының жүзеге асуы құжат алмасу арқылы қамтамасыз етіледі. Сондықтан, тараптардың уақытылы хабардар болуы, іс материалдарына қолжетімділік және қарсы тараптың уәждеріне жауап беру мүмкіндігі ерекше маңызға ие. Бұл талаптар сақталмаса процестің әділдігіне күмән туындайды.

Жазбаша өндірісте бірнеше маңызды элементті бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, тараптарды хабардар ету – іс жүргізу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың уақытылы жеткізілуі. Екіншіден, құжаттардың өзара қолжетімділігі – тараптардың бір-бірінің дәлелдерімен танысу мүмкіндігі. Үшіншіден, мерзімдердің теңдігі – тараптардың жауап беру мүмкіндіктерінің тең болуы. Төртіншіден, сот актісінің уәжділігі – шешімнің толық және негізді болуы.

Сонымен қатар, апелляциялық бақылау да маңызды рөл атқарады. Егер бірінші сатыда тараптардың құқықтары толық қамтамасыз етілмесе, апелляциялық саты оларды қалпына келтірудің қосымша тетігі ретінде қызмет етеді. Бұл жазбаша өндірістің жалпы әділдігін қамтамасыз ететін маңызды кепілдік болып табылады.

Практикада оңайлатылған іс жүргізуді қолдану барысында бірқатар проблемалар байқалады. Олардың қатарында процестің формалдануы, тараптардың құқықтық мүмкіндіктерінің әркелкілігі, цифрлық инфрақұрылымға тәуелділік және істердің күрделілігін дұрыс бағаламау мәселелері бар.

Біріншіден, кейбір жағдайларда жазбаша рәсім тек құжаттарды формальды бағалаумен шектеледі. Бұл жарыспалылық қағидатының мазмұнын тарылтады. Екіншіден, тараптардың құқықтық дайындық деңгей-

інің әртүрлі болуы тең құқықтылық қағидатына әсер етеді. Үшіншіден, электрондық жүйелердегі техникалық ақаулар процестің сапасына ықпал етуі мүмкін. Төртіншіден, істердің күрделілігін дұрыс бағаламау да өзекті мәселе болып табылады. Кейбір даулар сырттай қарапайым көрінгенімен, іс жүзінде қосымша зерттеуді талап етеді. Мұндай жағдайларда істі жалпы тәртіппен қарау қажеттілігі туындайды.

Сот актілерінің уәжділігі жазбаша өндірісте ерекше маңызға ие. Шешімде барлық маңызды дәлелдер мен уәждер қарастырылып, оларға нақты құқықтық баға берілуі тиіс. Бұл тараптардың әділ сотқа деген сенімін қамтамасыз етеді.

Статистикалық деректер оңайлатылған іс жүргізудің кеңінен қолданылатынын көрсетеді. Бұл институт сот жүктемесін азайтуда маңызды рөл атқарады. Алайда оның тиімділігі тек істерді жылдам қараумен емес, процестік кепілдіктердің нақты сақталуымен бағалануы тиіс.

Қорытындылай келе, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу азаматтық процестегі маңызды әрі қажетті институт болып табылады. Ол сот төрелігінің қолжетімділігін арттырып, процестік үнемділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар сот жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді. Алайда, оның шынайы маңыздылығы жарыспалылық пен тең құқықтылық қағидаттарының толық сақталуына байланысты. Бұл қағидаттарсыз оңайлатылған іс жүргізу өзінің құқықтық мәнін жоғалтады. Сондықтан, соттар бұл институтты қолдану барысында тек жеделдікке емес, әділдікке басымдық беруі тиіс.

Осыған байланысты сот практикасы үшін келесі бағыттар маңызды болып табылады: істердің күрделілігін дұрыс бағалау, тараптарды толық әрі уақытылы хабардар ету, құжаттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету, сот актілерінің уәжділігін күшейту және цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру. Осы шаралар оңайлатылған іс жүргізудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Е.БАЗАРБАЕВ,**  
**ҚР Жоғары Сот Кеңесі жанындағы**  
**Сот төрелігі академиясының**  
**магистранты**

# ИСКОВАЯ ДАВНОСТЬ В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

*Исковая давность занимает значимую роль в институте гражданского права и направлена на защиту законных интересов сторон. Гражданский кодекс дает толкование исковой давности как период времени, в течение которого может быть удовлетворено исковое требование, возникшее из нарушений лица или охраняемого законом интереса. Кроме того, исковая давность не может быть изменена соглашением сторон.*

Законодательством определен срок исковой давности в три года, то есть это тот период времени в течение которого сторона может обратиться за защитой своих законных прав и интересов. П. 2 ст. 178 ГК для отдельных видов требований законодательными актами могут устанавливаться специальные сроки исковой давности, сокращенные или более длительные по сравнению с общим сроком. Специальный срок имеет приоритет над общим.

Исковая давность – это эффективный инструмент, стимулирующий граждан внимательно относиться к защите своих прав и незамедлительно обращаться в судебные органы. Поскольку спустя десятки лет есть вероятность утраты доказательств либо отсутствие свидетелей, которое может привести к необратимым последствиям, таким, как отсутствие возможности, защитить свое законное право, с целью пресечения вышеуказанных причин и существует исковая давность.

Законодательство не является статичным и динамично развивается, отображая потребности современного общества, подвергаясь изменениям, направленным на актуализацию. Вместе с тем правовые нормы, на основании которых есть возможность защиты нарушенного права могут быть со временем утрачены либо претерпеть изменения.

Исковая давность – основополагающий элемент правового регулирования, заложенный в суть гражданского судопроизводства, дисциплинирует участников процесса, побуждая их на своевременную защиту сво-

их прав и законных интересов, позволяющие исключить бесконечность разрешения споров.

Согласно ст. 180 ГК течение срока исковой давности начинается со дня, когда лицо узнало или должно было узнать о нарушении права. Изъятие из этого правила устанавливается ГК и иными законодательными актами. Если по обязательствам с определенным сроком исполнения течение исковой давности начинается по окончании срока исполнения. По обязательствам, срок исполнения которых не определен либо определен моментом востребования, течение исковой давности начинается с момента предъявления требования об исполнении обязательства, а если должнику предоставляется льготный срок для исполнения такого требования, исчисление исковой давности начинается по окончании указанного срока (п. 2 ст. 277 настоящего Кодекса). По регрессным обязательствам течение исковой давности начинается с момента исполнения основного обязательства.

В исключительных случаях суд может по ходатайству стороны восстановить пропущенный срок, если причины, препятствующие подаче иска вовремя, признаны судом уважительными. Согласно ст. 182 ГК для защиты прав и законных интересов, если имеются препятствия по независящим от стороны обстоятельствам, законодателем предусмотрено приостановление срока исковой давности, что означает паузу в течение срока. К таким обстоятельствам относятся:

1) если предъявлению иска препятствовало чрезвычайное и непредотвратимое при данных условиях событие (непреодолимая сила);

2) в силу объявленной Президентом Республики Казахстан отсрочки исполнения обязательств данного вида (моратория);

3) если истец или ответчик находится в составе воинских подразделений, переведенных на военное положение;

4) если у недееспособного лица отсутствует законный представитель;

5) в силу приостановления действия законодательства, регулирующего соответствующее отношение;

6) при проведении проверки законности источников приобретения (происхождения) актива в соответствии с законодательством Республики Казахстан о возврате государству незаконно приобретенных активов.

По искам о возмещении вреда, причиненного жизни или здоровью гражданина, течение срока исковой давности приостанавливается также в связи с обращением его к соответствующим организациям о назначении и/или осуществлении пенсионных выплат или о назначении пособия – до назначения и/или осуществления пенсионных выплат или назначения пособия либо отказа в назначении и/или осуществлении пенсионных выплат или назначении пособия.

Течение срока исковой давности приостанавливается, если указанные в настоящей статье обстоятельства возникли или продолжали существовать в последние шесть месяцев срока давности, а если этот срок не превышает шести месяцев – в течение срока давности. Со дня прекращения обстоятельства, повлекшего приостановление, течение срока исковой давности продолжается. При этом остающаяся часть срока удлиняется до шести месяцев, а если срок исковой давности не превышает шести месяцев – до срока давности.

Законодательством закреплено, что независимо от пропуска исковой давности суд согласно п. 1 ст. 179 ГК принимает требование о защите нарушенного права независимо от истечения исковой давности, и она может быть применима только по ходатайству стороны, суд не в праве самостоятельно применять срок исковой давности.

Независимо от того, что законодательство претерпевает изменения на такие понятия, как защита нематериальных благ и личных неимущественных прав: кроме случаев, предусмотренных законодательными актами, а также:

– требование вкладчиков к банку о выдаче банковских вкладов;

– возмещение вреда, причиненного жизни и здоровью гражданина (требования, предъявленные по истечении срока исковой давности, удовлетворяются не более чем за три года, предшествующие предъявлению иска);

– требование собственника или иного законного владельца об устранении всяких нарушений его права, если эти нарушения не были соединены с лишением владения (ст. ст. 264, 265 ГК);

– случаи, установленные законодательными актами и на другие требования.

Законодательством вышеуказанные требования защищены от времени.

Исковая давность это правовой инструмент, истоки которого восходят к римскому праву, и сохраняет актуальность на протяжении веков. Сам факт существования свидетельствует о его справедливости, эффективности и значимости. Исковая давность не является наказанием за ее пропуск, она лишь говорит о том, что защита должна быть своевременной, во избежание разрушения стабильности гражданского оборота и подрыва доверия к институту права. Кроме того, она позволяет соблюдать баланс сторон, не допускает «прошлому» влиять на «настоящее» и диктовать свои условия. Но независимо от того, что исковая давность существует, все же есть те аспекты в жизни, над которыми время не властно, что опять же говорит в пользу справедливости данного инструмента. Ведь целью исковой давности является не наказать за ее несоблюдение, а наоборот, мотивировать граждан не откладывать «на потом» защиту своего законного права или интереса.

**Мадина ГАРИФУЛЛИНА,**  
**главный специалист-секретарь**  
**судебного заседания**  
**Межрайонного суда по гражданским**  
**делам г. Павлодара**

# ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:  
**75849**

Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген  
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының  
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе  
бермеуі мүмкін

## РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.  
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

## ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.4.2026 ж. жіберілді. Басуға 20.4.2026 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 4. Таралым 1237.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,  
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

## Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

## Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

## Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны  
рәсімдеу мәселелері бойынша:  
**8 (727) 292 29 27**

Жарнама мәселелері бойынша  
телефондар:  
**8 (727) 292 29 27, 292 29 92**

E-mail: [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

## Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления  
подписки и издания:  
**8 (727) 292 29 27**

Телефоны для рекламы:  
**8 (727) 292 29 27, 292 40 89**

E-mail: [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)

### БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.  
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27  
тел.: 8 /727/ 251-78-31  
«Принт Плюс» ЖШС

### Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.  
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27  
тел.: 8 /727/ 251-78-31  
ТОО «Принт Плюс»